Канал бойындағы өсімдіктер судың жеткілікті таралуына қарай өскен. Ақ терек өте сирек орналасқан және тек канал бойында ғана. Ал жиде бір-біріне жақын әрі сирек кездеседі, бірақ тек канал бойынан ғана кездестіре аламыз.



Сурет 2. А)Бударин суару-суландыру жүйесінің спутниктік картадан түсірілген фотосуреті; в) Есептеу жүргізген аумақ

Төбелер мен беткейлерде аласа бұталардың болуы табиғи дала геожүйелерінің маңызды ерекшелігі болып табылады. Ал су каналдары мен өзен жағалауларын алып жатқан ағаш-бұта өсімдіктер қауымдастығы жағалауды абразиядан (жағалауды шаю) жақсы қорғайды. Күшті ағаш тамырлары суды ұстап, топырақтың батпақтануына және қайталама тұздануына жол бермейді.

Алайда бағалы түрлерге бай ағаштар мен бұталар қауымдастығы ұзақ уақыт бойы қалпына келеді және деградациядан кейін қиын болады. Ағаштар мен бұталар флорасын егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігі теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да айтылған. Бір жағынан олардың жоғары ландшафт түзуші және биогеоценоздық рөлі маңызды болса, екінші жағынан қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін шикізат көзі ретінде адамның шаруашылық қызметіндегі маңызы зор [3].

Алайда биоалуантүрліліктің жойылу немесе азайып кетуінің бірден-бір себебі-фауна мен флораның тіршілік ортасының өзгеруі болып табылады. Бұған себеп табиғи жайылымдарды ұтымсыз пайдалану, шаруа қожалықтарының және басқа да антропогендік қызмет түрлері мен мал жайылымы. Шаруашылық белсенділік өсімдіктердің барлық түрлерінің жеке түрлерінің азаюына алып келетінін осы Бударин суландыру жүйесінің аумағынан спутниктік карта арқылы түсірілген фотосурет арқылы көруге болады.

Материал және әдістер

Ағаш және бұта фитоценоздарының жай-күйін сипаттау және бағалау сынақ алаңдарын құру арқылы жүзеге асырылды. Сынақ учаскесінде бұталардың әрбір түрі бойынша ағаш, бұталардың саны анықталды. Түрлердің саны 10 текше метрмен есептелді. Нәтиже кестеде келтірілген (1,2 кесте). Кестеде жалпы өсімдік

жамылғасының түрлік құрамы келтірілген. Жалпы алғанда шөптесін өсімдіктердің 14 түрі, олардың ішінде Астра тұқымдасының (лат. Asteraceae) 5 түрі, Раушангүлділер (лат. Rosaceae) 3 түрі және де дәнді-дақылдар (лат. Gramineae), сүттіген (лат. Euphorbiaceae), Шырмауықтар (Convolvulaceae), Шатыршагүлділер (Umbelliferae), Қорғасыншөптер (лат. Plumbaginaceae), Рияндар (лат. Rubiaceae) тұқымдастары кездеседі. Ал ағашты-бұталы қауымдастық өкілдерінен Талдар тұқымдасының (лат. Salixaceae) 2 түрі, Жиде тұқымдасы (Elaeagnaceae), Жыңғылдар тұқымдасы (Tamaricaceae), Ерінгүлділер (лат. Lamiaceae), Қарлыған тұқымдасы (лат. Grossulariaceae) және т.б. кездестіруге болады.

1 кесте

Шөптесін өсімдіктер			
1	Шабындық қоңырбас	Мятлик луговой	Poa pratensis
2	Сүттіген	Молочай кипарисовый	Euphorbia cyparissias
3	Кәдімгі түймешетен	Пижма обыкновенная	Tanacetum vulgare
4	Ащы жусан	Полынь горькая	Artemisia absinthium
5	Бақбақ	Одуванчик	Taraxacum
6	Егіс шырмауығы	Вьюнок полевой	Convolvulus arvensis
7	Жұқа жапырақты көкбас	Синеголовник плосколистный	Eryngium planum
8	Шырмауық қазтабан	Лапчатка ползучая	Potentilla reptans
9	Тұмар бояу	Кермек Гмелина	Limonium gmelinii
10		Подмаренник мареновидный	Galium rubioides
11	Шашыратқы	Цикорий	Cichorium
12	Әректікен	Репейник	Arctium lappa
Бұташықтар			
13	Сәлбен	Шалфей дубравный	Salvia nemorosa
14	Талжапырақты тобылғы	Спирея	Spiraea
15	Алабұта	Марь	Chenopodium
Бұта			
16	Қара қарақат	Смородина чёрная	Ribes nigrum
17	Татар ұшқаты	Жимолость татарская	Lonicera tatarica
18	Тікенді қараөрік	Тёрн	Prunus spinosa
Ағашты-бұталы өсімдік			
19	Жиде	Лох	Elaeagnus
20	Жыңғыл	Гребенщик, или тамарикс	Tamarix
21	Ақ тал	Ива белая	Salix alba
Терек			
22	Ақ терек	Тополь белый, или Тополь серебрястый	Populus alba
23	Қарағаш	Вяз малый	Ulmus minor

2кесте

Ағаш бұталардың кездесу жиілік саны (10м x 10м)

Бұта			
1	Қара қарақат	Ribes nígrum	3,5
2	Татар ұшқаты	Lonícera tatárica	1
3	Тікенді қараөрік	Prunus spinosa	2
Ағашты бұталы өсімдік			
4	Жиде	Elaeágnus	2
5	Жыңғыл	Támarix	2
6	Ақ тал	Sálix álba	1
Терек			
7	Ақ терек	Pópulus álba	1
8	Қарағаш	Úlmus mínor	1,5

Алғабас елді-мекені маңындағы Бударин каналы бойындағы өсімдік жамылғысына зерттеу жүргізе келе, канал бойындағы өсімдік жамылғысына антропогендік әсерді азайтуды қолға алу қажет деген нәтиже аламыз. Себебі шөптесін өсімдіктерге қарағанда спутниктік картадан қарғанда және жүргізілген есептеулер нәтижесінде олардың үлесі 60% құрап отыр. Ал ағашты-бұталы қауымдастықтың үлесі 32% болса, теректер бар болғаны 8% алып жатыр. Себебі мал жайылымы мен шабындық әсерінен ағашты-бұталы қауымдастықтың өсуіне кері әсерін келтіреді, олар тек ылғалдығы жоғары топырақты аумақта және абразиядан қорғаушы қызмет атқарушы ретінде ғана өсуде.

Бударин каналы бойындағы жабайы өсетін қара қарақат, ақ тал және жыңғыл т.б. биологиялық тұрғыдан маңызы бар өсімдіктердің көбейтіліп өсуіне ықпал керек. Канал бойынан 60-70 м дейін өсімдікке қолайлы топырақ ылғалдылығы бар, алайда антропогендік факторлар көпжылдық өсімдіктердің өсуіне айтарлықтай кедергі келтіруде.

Әдебиеттер

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 1 қыркүйек.

2 Уикипедия - ашық энциклопедиясы <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

3 Иванов, В. В. *Определитель деревьев и кустарников Западного Казахстана* / В. В. Иванов // *Научные записки Зап. Каз. отд. всес. геогр. об-ва. Уральск, 1949.- Вып. 5.- С. 1-47.*

4 Дарбаева Т.Е. *Өсімдіктер систематикасы. Орал қ., 2008.*

5 Байкенжеева А. *Геоботаника. Астана қ., 2013.*

6 Мухитдинов Н.М. *Геоботаника. Алматы қ., 2011.*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ШАҒАН ӨЗЕНІНДЕГІ БАЛДЫРЛАРДЫҢ АЛУАНТҮРЛІЛІГІ

Гумарова П.С. -2 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті, Орал қ.
Gum_peri@mail.ru

Ғылыми жетекші б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е.

Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Шаған өзенінде кездесетін балдырлар түрлері көрсетіледі. Қазіргі таңда экологиялық жағдайлар мен антропогендік факторларға байланысты өзен суының ластануы байқалады. Су қоймасының реконструкциясы мен қайта қалыпқа келтіру және экожүйелерді сақтап қалу да өз актуалдылығын жоғалтқан емес.

Кілт сөздер: альгология, экология, балдырлар, геоботаникалық әдіс.


Шаған – Ресейдің Орынбор, Қазақстанның Батыс Қазақстан облыстары аумағындағы өзен. Ресей аумағында Жалпы Сырт қыратындағы бұлақтардан басталып, Орал қаласы тұсында Жайыққа құяды. Ұзындығы 264 км, су жиналатын алабы 7530 км². Аңғары сағасынан 40 — 42 км қашықтықта ғана айқын байқалады, ені 2 - 3 км, жағалық еңістігі 3 -5°, қалған бөліктерінде байқалмайды. Жайылымы Крутая өзені құйғанға дейін бір жағадан екіншісіне ауысып отырады, ені 300 м-ге дейін, одан төменде жайылымы Жайықтың аңғарын қамтыған. Негізінен жауын-шашын, жер асты суымен толығады. Суының минералдылығы көктемгі су тасу кезеңінде 50 — 150 мг/л-ден жазда 300 — 700 мг/л-ге, қыста 500 — 1500 мг/л-ге дейін өзгереді. Орал қаласын ауыз сумен қамтамасыз етеді, егістік суаруға пайдаланылады [1].



Сурет 1. Шаған өзенінің жалпы көрінісі

Зерттеу Шаған жағалауының екі нүктесінде өтті (1.1 –сурет). Су өсімдіктерін жинақтаудан бастау алды. Зерттеу мәселесі бойынша географиялық, ботаникалық әдебиет көздеріне теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Тақырыпқа байланысты мәліметтер жинақталды. Биология кафедрасының доценті Фокина О.В (1988ж) анықтамалығы мен Топачевский және Масюк ғалымдардың әдісіне

сүйене отырып, судың бетінен және тастан балдырларды қырып алып банкаларға (30-50мл) орналастырдым. Уақыты, күні, жылдың мезгілі міндетті түрде жазылады. Ұзақ уақытқа сақтау үшін 2-4% формалин тамшысын құйдым. Лабораторияға алып, микроскопиялық зерттеуге кірістім.



Сурет 1.1 Шаған өзенінің карта схемасы

Төменгі сатыдағы автотрофты өсімдіктерді анықтадым. Ол топқа балдырлар жатады. Балдыр (лат. Algae) - негізінен фотоавтотрофты біржасушалы, колониялық немесе көпжасушалы организмдердің экологиялық тобы. Балдырларды зерттейтін ғылым саласы - альгология деп аталады. Биоиндикациялық қасиетке ие. Зерттеу жұмысы барысында біржасушалы балдырларды анықтадым. Көбею процесі белсенді. Судағы көміртегі концентрациясының тұрақтылығын қамтамасыз етеді [2].

Мен анықтаған балдырлар:

Бірінші нысан Орал қаласы, Шаған жағалауы көшесін кесіп өтетін өзен аумағы болды (gps-51.2006580, 51.3587045). Бұл нысаннан көк жасыл балдырларға жататын, жіп тәрізді осциллятория балдырын су бетінен және тастың бетінен алдым.

Тармақталмаған жіптерден (трихомадан) тұратын өте кең таралған тұқымдас (2 – сурет). Трихомалар изополярлы, тегіс немесе сәл қисық орналасып, бір қатарлы, цилиндр немесе диск тәрізді жасушалардан тұрады (жасушалар ұзындығы әдетте енінен аз болады). Бірыңғай түйіршіктері бар, көк-жасыл, қоңыр немесе қызғылт түсті, біркелкі емес тилакоидтары бар жасушалар. Түрлер әртүрлі субстраттарда шоғыр түзеді (тас, құм және т. б.) таяз биотоптарда, жағалау аймағында немесе тұщы, тұзды немесе ылғалды топырақтарда. Колониядағы жеке жіпшелер жарық көзін алу үшін бір бірімен орын алмасып, қарама қарсы еркін қозғала алады. *Oscillatoria* зерттеу арқылы, табиғи өндірісте бутилгидрокситолуол, антиоксидант, тағамдық қоспалар және өнеркәсіптік химиялық заттар алуда қолданылады [3].


Бөлім: Cyanophyta

Класс: Hormoniophyceae

Қатар: Oscillatoriales

Туыс: *Oscillatoria*

Түр: *Oscillatoria*



Сурет 2. *Oscillatoria*

Келесі зерттеу Деркөл шағын ауданына қарасты, Шаған өзені көпірі төңірегінде өтті (gps-51.2398956, 51.3359138). Табылған балдырлардың бірі: спирогира, жіп тәрізді балдырларға жатады.

Спирогира-Ол өзге балдырлармен бірлесе отырып, суға жасыл түс береді. Су қоймаларында, өзен, лай суларда да еркін көбейіп тіршілігін жалғастыра алады. Спирогира жұмсақ болады (3-сурет). Жасушалары ірі. Жасуша қабықшасы астындағы цитоплазма ядроны қоршай орналады. Целлюлоза қабығы цитоплазманы қоршайды, көптеген пиреноидтары бар спираль тәрізді жасыл хлоропласт таспалары орналасқан. Айқын көрінетін ядросы бар. Ядро жасушаның орталық бөлігінде орналасқан. Табиғатта спирогира экожүйенің ажырамас элементі және су қоймасындағы оттегінің маңызды көздерінің бірі. Ол кейбір балықтардың уылдырық шашуы және сақталу кезеңінде маңызды қауымдастықты құрайды. Оның жіпшелерінің тығыз оралуы нәтежиесінде уылдырық пен шабақтарды жыртқыштардан қорғайды. Сонымен қатар, ол көптеген су тіршіліктеріне азық болады [4].


Бөлім: Charophyta

Класс: Zygnematomphyceae

Қатар: Zygnematales

Туыс: Zygnemataceae

Түр: Spirogyra



Сурет 3. *Spirogyra*

Екінші нысыннан табылған келесі балдыр су торшасы. Деркөл шағын ауданына қарасты, Шаған өзені аймағында өтті (gps-51.2398956 , 51.3359138).

Су торшасы-азотты заттарға бай тұщы, өзен,тоқтау суларда кең таралған ірі колониялық балдыр (4-сурет). Су торшасының колониясы бірден бірнеше ондаған сантиметрден,қабырғалары торды құрайтын жасушалардан тұрады. Оның жасушалары цилиндр тәрізді,жоғарғы жағында конус тәрізді. Бұл бөліктер бір - бірімен артикуляцияланады, көбінесе үш, бес жасушамен шектелген бөліктер түзеді.Жасуша мембраналары целлюлоза тәрізді, өте қалың. Цитоплазма қабырға қабатында орналасқан, жасушаның ортасын вакуольдер алып жатыр[5].


Бөлім:Chlorophyta

Класс:Chlorophyceae

Қатар:Sphaeropleales

Туыс:Hydrodictyaceae

Түр:Hydrodictyon



Сурет 4.*Hydrodictyon*

Зерттеу нәтежиесі,геоботаникалық әдіс арқылы Шаған өзеніндегі балдырларды анықтадым.Екі нысанды салыстырсақ, бірінші нысанда балдырдың 60-65%,ал екіншіде 40% екенін білдім. Балдырдың қоршаған орта үшін пайдасы және тиімділігі бар. Су қоймасының ластануын қабілетін анықтайтын биологиялық және физика-химиялық процестерді балдырлар арқылы жүргізуге болады. Балдырлар судың өзін-өзі тазартуға, су сапасын қалыптастыруға, су объектілерінің санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсартуға қатысатын организмдер кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Барлық тұздар мен микроэлементтер ғана емес, сонымен қатар ақуыздар, ферменттер және гидробионттардың, соның ішінде балдырлардың болуы судың биологиялық тұрғыдан толыққанды болуын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Географиялық энциклопедия./Б.Ө.Жақып.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

2. Водоросли : Цианобактерии, красные, зеленые и харовые в624 водоросли : учеб.-метод. пособие / А. Г. Пауков, А. Ю. Тептина, Н. А. Кутлунина, А. С. Шахматов, Е. В. Павловский ; [под общ. ред. А. Г. Паукова] ; М-во образования и науки Рос. Федера- ции, Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2017.

3. Raven, JA (Raven, JA) ; Ball, LA (Ball, LA) ; Beardall, J (Beardall, J) ; Giordano, M (Giordano, M) ; Maberly, SC (Maberly, SC) View Web of Science Researcher ID and ORCID (provided by Clarivate) ., Vol.83, pp879-890., CANADIAN JOURNAL OF BOTANY-REVUE CANADIENNE DE BOTANIQUE., DOI: 10.1139/B05-074

4. <https://rybkipro.ru/rasteniya/nitchataya-vodorosl-spirogira>

5. <http://plantlife.ru/books/item/f00/s00/z0000027/st019.shtml>

ӘӨЖ 582.542.11 (574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН АСТЫҚ ТҰҚЫМДАСТАРЫНЫҢ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Бақытова Г. А.-2-курс магистранты

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы
bakytovagulnaz@mail.ru*

Ғылыми жетекші б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е.

Бұл мақалада Батыс Қазақстан аумағында таралған астық тұқымдастарының алуантүрлілігі, таралуы, табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі қарастырылады. Астық тұқымдасына жататын ең кең таралған өсімдіктерге анықтама беріледі.

Кілт сөздер: Батыс Қазақстан облысы, дара жарнақтылар, астық тұқымдастары, дәнді дақылдар.

Қоршаған ортаны қорғау мен адамның өмір сүруі үшін қолайлы жағдай туғызу – демократиялық мемлекеттің басты мақсаты. 1992 жылы БҰҰ-ның Конференциясында Бразилияда қоршаған орта және оны дамыту жөнінде Рио-де-Жанейро Декларациясы қабылданды. Қазақстан да осы декларацияға қосылды. Декларацияның қағидаларына сәйкес мемлекет өз органдарына қоршаған ортаны қорғау бойынша экономикалық, техникалық, экологиялық, ұйымдық және құқықтық шараларды жүзеге асыруды міндеттейді. Қазақстан Республикасының әрбір азаматына табиғатты сақтау және оның байлықтарына ұқыптылықпен қарау міндет.

Астық тұқымдастарының өкілдері таптырмас азықтық өсімдіктер болып табылады. Олар жайылымдарда және шабындық аймақтарда үлкен рөл атқарады. Әсіресе ақселеу (*Stipa*), бетеге (*Festuca*), жатаған бидайық (*Elytrigia repens*), қылтанақсыз арпабас (*Bromus inermis*). Дәнді дақылдардың халық шаруашылығындағы аса жоғары маңызы олардың өнімінің жоғары құндылығы мен жан-жақты пайдалану мүмкіндігімен анықталады. Олар маңызды тағамдық және астық дақылдары болып саналады. Астық адамзатқа азық-түліктің негізгі көзі, ауыл шаруашылық малдарына мал азығы, өнеркәсіпке шикізат болып табылады. Олардың ең маңыздысы бидай, күріш және жүгері.

Астық тұқымдасы даражарнақтылар класының ішіндегі ең үлкені, дүниежүзінде бұл тұқымдастың 900 туысы, 11000 түрі; ТМД аймағында 177 туыс, 1011 түр саны; Қазақстанда 83 туыс, 418 түрі; БҚО-да 47 туысы, 134 түрі белгілі. Астық тұқымдастары көп жағдайда жазықта, шалғындар мен шөлейтті жерлердің табиғи өсімдіктер жабынында басым болады. Кейбір аймақтарда астық тұқымдастары тұтас алқапты алып жатады: еуро-азиаттық далалар, солтүстік-америкалық далалар – прериялар, оңтүстік-америкалық далалар – пампастар,

саванналар, өзен аңғарындағы шалғындықтар, альпі шалғындары. Тіршілік формалары негізінен көпжылдық, біржылдық шөптесін өсімдіктер және сирек жағдайларда сүректенген сабақты формалары да кездеседі.

Астық тұқымдастарының гүлшоғыры – масақ, күрделі масақ, сыпыртқы. Аналығының сыртын қалың түктер қаптаған екі отырмалы аузы болады. Гүлдері ұсақ, көріксіз, редукцияға ұшыраған. Желмен тозандануға бейімделген. Астық тұқымдасының гүлі екі қабыршағынан тұрады: төменгі ірірек қалың қабыршақтан және жоғарғы кішірек жұқа қабыршақтан тұрады. Гүл қабыршақтарының аралығында 2 немесе 3 гүлсерік қабыршақтары – лодикулалар болады. Олар гүлдеу барысында ісініп, гүл қабыршақтарын жоғары көтеріп тозандануға септігін тигізеді. Гүл түйіні жоғарғы, барлық уақытта бір ғана тұқым бүрі болады. Гүлінің формуласы: $\uparrow P_{(2)+2} A_3 G_{(2)}$ [1]. Астық тұқымдасының жемісі дәнек деп аталады. Дән – біртұқымды жеміс, онда жемістің қабымен дәннің кебегі бірігіп кетіп отырады.

Батыс Қазақстанда солтүстіктен оңтүстікке қарай екі ірі зонаға бөлуге болады:

1. Евразиялық бетегелі-селеулі жазық;
2. Сахара-Гобилік солтүстік-Каспий маңы шөйлеттері.

Селеулі далалар («шымқабатты астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдіктер» - Е.М. Лавренко бойынша [2], «оңтүстік далалар» - В.В. Алехин бойынша [3] немесе Н.В. Павлов бойынша «әртүрлі шөпті-астық тұқымдас далалар» [4]) селеулер мен дөңес жапырақты шымқабатты астық тұқымдастары мен әртүрлі шөптесін өсімдіктердің көптігімен сипатталады.

Зерттеу жұмысы БҚО, Теректі ауданы, Қабылтөбе ауылы (бұрынғы атауы «Красная школа») жүргізілді. GPS: 51,352097° N; 51,951737° E (1-сурет).



Сурет 1. Зерттеу ауданының карта схемасы

Зерттеу жұмысы барысында флористикалық зерттеу әдістері қолданылды. Флористикалық зерттеу әдісінің негізгі мақсаты берілген ауданның флоралық құрамымен, яғни өсімдіктерінің біртұтастығымен танысу болып табылады. Өсімдіктер қауымдастықтарының құрамы, құрылымы және алуантүрлілігі зерттелді. Зерттеу аймағында кездесетін даражарнақтылар класына жататын туыс пен түрлердің шығу тегі, тшаруашылықтағы маңызы қарастырылды (2-сурет).



Сурет 2. Қайыңсай сайының жалпы көрінісі

Далалық аймақта астық тұқымдастары мен алуан түрлі шөптер көптеп таралған, бұл өсімдіктердің екі тобы бір-бірімен бәсекелеседі. Астық тұқымдастарының далалық аймақта маңызы зор. Дала зонасына шымқабатты астық тұқымдастары, келерия, бетеге, селеу жататын, тығыз шоғырланып өсетін және өркендері жоқ түрлері тән. Шөлейтті далада бұталар басым таралған, ал астық тұқымдастары екінші дәрежелі рөл атқарады [6]. Зерттеу ауданында астық тұқымдастырына жататын өсімдіктерден селеу (*Stipa*), бетеге (*Festuca*), айрауық (*Calamagrostis*), жатаған бидайық (*Elytrigia repens*) кездесті (3-сурет).



3сурет. Зерттеу ауданың жалпы көрінісі

Жалпы Батыс Қазақстан облысы аумағында астық тұқымдастарына жататын 47 туыс, 134 түр саны кездеседі. Қазақстан флорасында ең кең таралған туыс Агрорупон, ал Батыс Қазақстан аймағында бұл туыс үшінші орында болып табылады. БҚО аймағындағы келесідей негізгі доминантты 10 туыс таралған (кесте 1):

Кесте 1

БҚО аумағындағы астық тұқымдастарының доминанттары

Туыс атауы	Қазақстандағы түр саны	Пайыздық көрсеткіш	БҚО-дағы түр саны	Пайыздық көрсеткіш
Poa L.	38	28,35%	11	8,21%
Stipa	32	23,88%	11	8,21%
Agropyron	41	30,59%	9	6,72%
Calamagrostis	15	11,19%	8	5,97%
Festuca L.	20	14,93%	7	5,22%
Agrostis	8	5,97%	5	3,73%
Koeleria	8	5,97%	3	2,24%
Eragrostis	6	4,48%	3	2,24%
Melica	7	5,22%	2	1,49%
PhleumL.	5	3,73%	2	1,49%

Қоңырбас (лат. Poa) – көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 8 – 30 (кейде 80) см. Сабағы тік, жылтыр, жапырағы жіңішке таспа пішіндес. Гүлі, әдетте, жапырағы бар баданаға айналған. Гүлшоғыры – масақ. Сәуір – мамыр айларында гүлдейді. Мал азығы ретінде де бағаланады.

Селеу (лат. Stipa) – көп жылдық, кейде бір жылдық өсімдік. Биіктігі 30 – 40 см. Гүлшоғыры бытыраңқы жапырақ қынабымен қабысқан. Бұтағы қабыршақты, қауырсын тәрізді. Масақтанғанша – мал азығы. Мамыр – маусым айларында гүлдейді. Масағының ұзындығы 2 см-дей. Селеудің құм тоқтатудағы маңызы зор.

Бидайық (лат. Agropyron) – жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Олардың биіктігі 25 - 100 см. Жатаған тамырлы, сабағы тік, төменгі жағы иіліп келеді. Жапырағы жіңішке таспа тәрізді, түксіз. Гүлшоғыры - масақ, ұзындығы 3 - 7 см, ені 5 - 9 см; масақшасы 3 - 7 гүлді. Маусым - шілде айларында гүлдейді. Бұлар - құнарлы мал азығы. Гектарынан 6 - 8 ц пішен жинауға болады.

Бетеге боз немесе Бетеге боз қау (лат. Festuca valesiaca) – көпжылдық шөптесін жайылымдық-жемдік өсімдік; кең таралған дала өсімдіктерінің бірі. биіктігі 30 — 60 см, сабағы тегіс, кейде бұдырлау болады. Жапырақтары жіңішке, жіпше тәрізді. Гүлшоғыры - қысыңқы не жайма шашақ. Масағы ұсақ, гүл қабыршағы қысқа, қылтанақты келеді. Мамыр - маусым айларында гүлдейді. Суыққа, қуаңшылыққа төзімді, құнарлы мал азығы.

Қорытындылай келе, астық тұқымдастары Батыс Қазақстан облысы аймағының бетегелі-селеулі жазықтарының, жартылай бұташықты-жусанды және Солтүстік Каспий маңы жусанды шөлейттерінің доминанттары болып табылады. Туыстық спектрі бойынша БҚО аймағындағы негізгі 3 туыс: Poa L., Stipa, Agropyron доминантты екенін көрсетті.

Әдебиеттер

- 1 Аметов Ә. Ботаника. Алматы, 2000. – 442-443 б.
- 2 Лавренко Е.М. Степи СССР. В кн.: Растительность СССР. М.; Л., 1940. Т.2: 1-265.
- 3 Алёхин В.В. Растительность СССР в основных зонах: учеб. пособие для ун-тов и пед. вузов / Под общ. ред. С.С. Станкова. М.: Сов. наука, 1951. 512 с.
- 4 Павлов Н.В. Ботаническая география СССР. Алма-Ата: Изд-во АН Казах. ССР, 1948. 711 с.

5 Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда / Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М., Чернышев Д.М., Тубетов Ж.М. – Уральск: РИО ЗКГУ, 2001. – 175 с.

6 Иванов В.В. Степи Западного Казахстана в связи с динамикой покрова / В.В.Иванов. – М.-Л., 1958. – 288 с.

УДК 582.678.2

ШЕЖІН ЖАЙЫЛМАСЫ КӨЛТАБАНДАРЫНЫҢ БИОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Жақсыбаева Д.Қ. - 2-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті, Орал қаласы
dinara_zhaksybaeva_99@mail.ru

Ғылыми жетекші б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е.

Бұл мақалада БҚО, Тасқала ауданы Шежін жайылмасы көлтабандарындағы өсімдіктердің биоморфологиялық құрамы, табиғатта таралуы жөнінде қарастырылады.

Кілт сөздер: БҚО, Шежін жайылмасы, биоморфологиялық талдау, көлтабан.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасына сәйкес 2022 жылы су үнемдеу технологиялары енгізілетін суармалы жерлердің алаңын 265 мың га дейін жеткізу жоспарлануда. Соның нәтижесінде жайылымдық жерлердің биоморфологиялық құрамының көбейер мүмкіндігі артар еді [1].

Қазіргі кезде көктемгі қар суы мен дала өзендерінің тасқын сулары жайылатын тұйық табақ тәріздес ойпаңдар көлтабандардың қалыптасуына ықпал етеді. Көлтабандардың табиғи шалғын өсімдіктері малға азық ретінде ғана емес, табиғат қорғау сипатындағы көптеген функция атқарады: топырақтағы қарашірінді мөлшерінің жинақталуына әсер етіп, топырақ құнарлығын арттырады, су эрозиясының қарқындылығын бәсеңдетеді.

Осы суларды тиімді пайдалану ісі дұрыс жолға қойылмағандықтан көлтабандардың батпақтануына, сортандануына, сөйтіп ауыл шаруашылығының айналымынан шабындық жерлердің едәуір бөлігінің шығып қалуына және шөбінің сапасының төмендеуіне әкеліп соғып жүр.

Батыс Қазақстан облысында табиғи көлтабандардың шеткі аймақтарында суару тереңдігі 0-50 см дейін болса, орталық бөлігінде 0,50- 100 см дейін терең сулы көлтабандардың орталық бөлігінде 100-200 см тереңдікке дейін су жайылады [2].

Зерттеу жұмыстары Каспий маңы ойпатының солтүстігіндегі ойысты жер Шежін жайылмасында жүргізілді.



1сурет. Ақмамық қауымдастығына биоморфологиялық талдау жасау сәтінен

Батыс Қазақстан облысы Таскала, Ақжайық аудандарының шығысында Дюра, оңтүстігінде Балықты жайылмасына ұласады. Аумағы шамамен 2000 км²-ге жуық. Саз балшықты теңіз шөгінділерінен түзілген. Жер бедері тегіс. Жалпы Сырттан келетін Шезіннің өзендері арқылы жайылып, маусым айының басында ғана тартылады. Шезін жайылмасы – шабындық болып саналады. Алынған мәліметтер М.Өтемісов атындағы БҚУ, экология және биология сынақ зертханасында талданды.

Зерттеу барысында Шезін жайылмасы көлтабанында жыл сайынғы су басу режимін сақтамау топырақтың қайталама тұздануына және олардың мелиоративті жағдайының нашарлауына әкелгенін байқадық және өсімдіктерінің биоморфологиялық құрамына талдау жасалынды [3].

Кесте 1

Шезін жайылмасы табиғи көлтабандарындағы өсімдік жамылғысының биоморфологиялық құрамы

	Атауы	Тіршілік формасы	Географиялық элемент	Экологиялық топ
1	2	3	4	5
<i>Poaeseae</i> – Астық тұқымдасы				
1	Ақмамық <i>Atropis distans</i> Jacq.	көпжылдық	европалық	мезофит
2	Шығыс мортығы <i>Eremopyrum orientale</i> L.	біржылдық	понтикалық	мезофит
3	Острец ветвистый <i>Leymus ramosus</i> Lam.	көпжылдық	сармат	эвксерофит
4	Бетеге <i>Festuca valesiaca</i> Gaud.	көпжылдық	понтикалық	эвксерофит
5	Иісті тілқияр <i>Hierochloe odorata</i> L.	көпжылдық	голарктикалық	мезофит
6	Жатаған Бидайық <i>Elytrigia repens</i> L.	көпжылдық	голарктикалық	эвмезофит

7	Тарақ тәрізді бидайық <i>Agropyron pectinatum</i> Vieb.	көпжылдық	понтикалық	мезоксерофит
8	Шөлді бидайық <i>Agropyron desertorum</i> Fisch.ex Link	көпжылдық	понтикалық	эвксерофит
9	Сыңғыш бидайық <i>Agropyron fragile</i> Roth.	көпжылдық	понтикалық	эвксерофит
10	Пиязды қоңырбас <i>Poa bulbosa</i> L.	көпжылдық	еуропа-сібірлік	ксеромезофит
11	Шалғынды қоңырбас <i>Poa pratensis</i> L.	көпжылдық	голарктикалық	мезофит
12	Шисабак <i>Koeleria gracilis</i> Pers.	көпжылдық	голарктикалық	эвксерофит
13 14	Ақселеу <i>Stipa capillata</i> L.	көпжылдық	понтикалық	эвксерофит
15	Айрауық <i>Calamagrostis epigeios</i> L.	көпжылдық	голарктикалық	ксеромезофит
16	Қамысты айрауық <i>Calamagrostis phragmitoides</i> C.	көпжылдық	сібірлік	гигромезофит
17	Атқонақ <i>Phleum phleoides</i> L.	көпжылдық	еуропа-сібірлік	ксеромезофит
18	Субидайық <i>Beckmannia eruciformis</i> L.	көпжылдық	европалық	гигромезофит
19	Арпабас <i>Bromus inermis</i> Leys.	біржылдық	понтикалық	ксеромезофит
20	Қамыс <i>Phragmites australis</i> Cav.	көпжылдық	голарктикалық	гигромезофит
21	Ажрек <i>Aeluropus littoralis</i> Parl.	көпжылдық	арал-каспий	мезофит
Asteraceae – Астралылар тұқымдасы				
22	Кәдімгі мыңжапырақ <i>Achillea</i> <i>millefolium</i> L.	көпжылдық	евразиятық	мезоксерофит
23	Ащы жусан (<i>Artemisia absinthium</i> L.)	көпжылдық	голарктикал ық	мезоксерофит
24	Укекіре (<i>Acroptilon repens</i> L.)	көпжылдық	Орталық Азия	ксерофит
25	Кеш бақбақ <i>Taraxacum</i> <i>serotinum</i> Poir	көпжылдық	жерортатеңіз дік	мезофит
26	Жабайы сүтжапырақ <i>Lactuca serriola</i> L.	екіжылдық	жерортатеңіз дік	ксерофит
27	Кәдімгі шашыратқы <i>Cichorium intybus</i> L.	көпжылдық	Голарктикал ық	ксерофит

28	Түкті гүлкекіре <i>Centaurea scabiosa</i> L.	көпжылдық	евросібірлік	ксерофит
29	Британ аңдызы <i>Inula britannica</i> L.	көпжылдық	евросібірлік	мезофит
30	Лерха жусаны <i>Artemisia lerchiana</i> Web.	жартылай бұталы	прикаспий	галофит
31	Қурай жусан <i>Artemisia scoparia</i> Waldst.	көпжылдық	жерортатеңіз дік	ксеромезофит
32	Австрия жусаны <i>Artemisia austriaca</i> Jacq.	жартылай бұталы	жерортатеңіз дік	мезоксерофит
33	Шыралжын жусаны <i>Artemisia dracunculus</i> L.	көпжылдық	голарктикалық	мезофит
34	Жусан <i>Artemisia monogyna</i> Waldst.	жартылай бұталы	шығыс жерортатеңіз дік	ксерофит
35	Сирек бас жусан <i>Artemisia pauciflora</i> Web.	жартылай бұталы	Төменгі Еділ	ксерофит
36	Дәрілік жусан <i>Artemisia abrotanum</i> L.	жартылай бұталы	жерортатеңіз дік	гигромезофит
37	Тікенді сарысою <i>Xanthium strumarium</i> L.	біржылдық	Солтүстік Америкалық	ксерофит
38	Түймешетен <i>Tanacetum achilleifolium</i> Vieb.	көпжылдық	понтикалық	ксерофит
<i>Fabaceae</i> – Бұшақ тұқымдасы				
39	Қылшықты мия <i>Glycyrrhiza echinata</i> L.	көпжылдық	жерортатеңіз дік	ксеромезофит
40	Қызыл мия <i>Glycyrrhiza glabra</i> L.	көпжылдық	жерортатеңіз дік	ксеромезофит
41	Ақ түйежоңышқа <i>Melilotus albus</i> Medik	екіжылдық	поларктикалық	гемикриптофит
42	Түкті мия <i>Glycyrrhiza aspera</i> Pall.	көпжылдық	жерортатеңіз дік	ксеромезофит
43	Шалғынды беде <i>Trifolium pratense</i> L.	көпжылдық	поларктикалық	эвмезофит
44	Есек мия <i>Yoebelia alopecuroides</i> Vexibia.	көпжылдық	евразиятық	ксеромезофит
45	Жоңышқа <i>Medicago falcate</i> L.	көпжылдық	поларктикалық	ксеромезофит
<i>Lamiaceae</i> – Ерінгүлділер тұқымдасы				

46	Тікенді әрем <i>Phlomis pungens</i> Willd.	көпжылдық	понтикалық	ксеромезофит
47	Дала шалфейі <i>Salvia stepposa</i> Shost.	көпжылдық	понтикалық	мезоксерофит
48	Түйнекті әрем <i>Phlomoides tuberosa</i> L.	көпжылдық	понтикалық	мезофит
49	Биік бөріаяқ <i>Lycopus exaltatus</i> L.	көпжылдық	евро-сібірлік	гигромезофит
<i>Polygonaceae</i> – Қаракұмық тұқымдасы				
50	Қызыл таспа <i>Polygonum aviculare</i> L.	біржылдық	голарктикалық	мезофит
51	Құм самалдық <i>Poligonium amphibia</i> L.	көпжылдық	голарктикалық	гигрофит
52	Украин қымыздығы <i>Rumex ucranicus</i> Fisch.	біржылдық	поларктикалық	мезофит
53	Қымыздық <i>Rumex confertus</i> Willd.	көпжылдық	голарктикалық	мезофит
54	Түйесіңір <i>Atraphaxis spinosa</i> L.	көпжылдық	жерортатеңіздік	мезофит
<i>Ariaceae</i> – Шатыршагүлділер тұқымдасы				
55	Тегіс көкбас <i>Eryngium planum</i> L.	көпжылдық	поларктикалық	мезоксерофит
56	Қарғатұяқ <i>Falcaria vulgaris</i> Bernh.	көпжылдық	поларктикалық	мезоксерофит
<i>Tamaricaceae</i> – Жыңғылдар тұқымдасы				
57	Жыңғыл <i>Tamarix laxa</i> Willd.	бұталы	Орталық Азия	ксерофит
<i>Liliaceae</i> – Лалагүлдер тұқымдасы				
58	Сызықты жуа <i>Allium lineare</i> L.	көпжылдық	жерортатеңіздік	мезофит
59	Биберштейн қызғалдағы <i>Tulipa biebersteiniana</i> Schult.	көпжылдық	шығыс-жерортатеңіздік	мезофит
60	Фишер құсұттігені <i>Ornihogalum fischerianum</i> Krasch.	көпжылдық	Төменгі Еділ	мезофит
<i>Juncaceae</i> – Елекшөптер тұқымдасы				
61	Елекшөп <i>Juncus gerardii</i> Loisel.	көпжылдық	голарктикалық	гигрофит
<i>Amaranthaceae</i> – Гүлтәжілер тұқымдасы				
62	Бұзаубас сораң <i>Salicornia herbacea</i> L.	біржылдық	европалық	галофит
<i>Scrophulariaceae</i> – Сабынкөктер тұқымдасы				
63	<i>Ortantha lutea</i> L.	біржылдық	поларктикалық	мезофит

64	Кәдімгі сиякөк <i>Linaria vulgaris L.</i>	көпжылдық	поларктикалық	ксером езофит
<i>Plumbaginaceae</i> – Қорғасыншөптер тұқымдасы				
65	Кермек Гмелина (<i>Limonium gmelinii</i> (Willd.))	көпжылдық	еуропалық	ксером езофит
<i>Cyperaceae</i> – Қиякөлең тұқымдасы				
66	Ерте қиякөлең (<i>Carex praecox</i> <i>Schreb</i>)	көпжылдық	евро-сібірлік	ксеромезофит
67	Қиякөлең (<i>Carex leporina L.</i>)	көпжылдық	понтикалық	гигромезофит
68	Кәдімгі қамыс (<i>Pharagmites</i> <i>australis</i>)	көпжылдық	понтикалық	ксеромезофит

Шежің жайылмасы табиғи көлтабандарындағы өсімдіктер қауымдастығының негізгі мөлшері түрдің ареалына байланысты Евразиятық аймаққа тән. Зерттелген өсімдіктердің ішінде түрлерге бай тұқымдастар, олар: *Poaceae* (21 түр), *Asteraceae* (16 түр), *Fabaceae* (7 түр), *Lamiaceae* (4 түр), *Polygonaceae* (5 түр), *Liliaceae* (3 түр), *Cyperaceae* (3 түр) [4].

Шежің жайылмасының өсімдіктер жамылғысына биоморфологиялық талдау жасала отырып, анықталған өсімдіктердің тіршілік формасы, географиялық құрылымы талданды. Экологиялық топтары анықтала отырып, саны есептеліп шығарылды: мезофит – 17, ксеромезофит – 15, ксерофит – 10, эвксерофит – 5, галофит – 1, гигромезофит – 5, мезоксерофит – 6, эвмезофит – 6, гигрофит – 3 [5].

Флора құрамындағы түрлердің тіршілік формалары бойынша саналуандылығы мен гетерогенділігі олардың тіршілік кеңістігін толық пайдалануына мүмкіндік береді. Алайда, су беру режимінің реттелмеуі салдарынан өсімдік түрлері өзгерген, шөп сапасы төмендеп, топырақ тұзданған. Бұл істе көлдете немесе көлтабандап суғару арқылы ақмамық қауымдастықтарының өнімділігін арттыру мақсатында топырақты қажетті ылғалмен қамтамасыз ету үшін көктемгі судың жіберілуі басты назарға алынуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/auyl-sharuashylygy-salasyndamytyudyn-2021-zhylgy-korytyndylary-zhane-aldagy-kezenge-arnalghan-zhosparlary-2291>
- 2 Кожгаалиева Р.Ж. Приемы повышения продуктивности многолетних злаковых трав на лиманах Прикаспийской низменности. Автореф. дисс... канд. к.с.-х.н. – Саратов, 2016. – 22 с.
- 3 Дарбаева Т.Е., Альжанова Б.С., Бохорова С.Н. Өсімдіктер қауымдастығының зерттеу әдістемесі // Оқу-әдістемелік құралы. – Орал, 2018 – 135 б.
- 4 Дарбаева Т.Е. Өсімдіктер систематикасы // Оқу құралы. – Орал, 2007 – 166.
- 5 Агелеуов Е.А. Флора поймы реки Урал. – Алма-Ата: Наука, 1987. –104 с.

УДК 582.681.81 (574.1)

ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ОСИНОВЫХ ЛЕСОВ В ОКРЕСТНОСТЯХ ПОС. КРАСНАЯ ШКОЛА ТЕРЕКТИНСКОГО РАЙОНА, ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

*Жалмуханова А.Т.-магистрант группы МБ-21-1
Западно-Казахстанский университет имени
М.Утемисова,г.Уральскtalantovna_ai@mail.ru*

Ғылыми жетекші б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е.

На протяжении 2021-2022 года нами были проведены исследования байрачных осиновых лесов, расположенных в левобережье р. Урал, между пос. Красная школа и Джамбул Теректинского района Западно-Казахстанской области [1] (рис.1).




Рисунок 1.Картосхема расположения района исследования

Байрачные леса связаны с оврагами и балками, прорезающими отроги Подуральского плато, высота которого от 90 до 120 метров [2], глубина оврагов колеблется от 17 до 22 метров. В балках выделяются элементы: днище (тальвег), склоны, бровка балки и плакор. Днище и склоны, заросшие древесно-кустарниковой растительностью. Балки имеют свои названия Альпи, Ахмади. Воровская, Каинсай, Терексай, Сауркин Яр (рис. 2). Длина балок колеблется от 1,5 до 3 км, а с отвершками составляет от 2,5 до 3 км.



Рисунок 2. Овраги Сауркина яра

Во время исследования мы выявили таксономический состав исследуемых объектов, который представлен 75 видами и 65 родами. Во флористическом составе доминируют семейства *Rosaceae* (11 видов-14,7%), *Asteraceae* (8 видов-10,7%), *Fabáceae* (7 видов-9,3%), *Poaceae* и *Liliaceae* (по 6 видов-8%), *Salicaceae* (5 видов-6,7%), *Scrophulariáceae* и *Brassicáceae* (по 4 вида-5,3%), *Labiátae* (3 вида-4%), *Ulmaceae* (2 вида-2,6%). Выше названные семейства составляют 56 видов или 74,6% от всего флористического состава (Табл. 1). Другие семейства представлены незначительным числом. Такое пестрое сочетание свидетельствует о разнообразии экологических условий, созданных в исследуемых балках.

Таблица 1

Семейственный спектр флоры осиновых лесов в окрестностях пос. Красная школа

Семейство	Число	%
1. <i>Rosaceae</i>	11	14,7
2. <i>Asteraceae</i>	8	10,7
3. <i>Fabáceae</i>	7	9,3
4. <i>Poaceae</i>	6	8
5. <i>Liliaceae</i>	6	8
6. <i>Salicaceae</i>	5	6,7
7. <i>Scrophulariáceae</i>	4	5,3
8. <i>Brassicáceae</i>	4	5,3
9. <i>Labiátae</i>	3	4
10. <i>Ulmaceae</i>	2	2,6
Итого:	56	74,6

В остальных семействах зафиксировано по одному виду, что составляет 13 видов (17,3%)

При выделении родового спектра, нами выявлено 65 родов, наиболее распространенным родом является *Populus* и *Artemisia*. В роде тополь встречаются *Populus alba*, *P. nigra*, *P. tremula*. В роде полыни нами отмечено *Artemisia austriaca*, *A. dracunculoides*, *A. absinthium*. Остальные рода представлены в основном одним видом (58), что составляет 89% от всей флоры. Преобладание однородных видов свидетельствует не только о геоморфологических, экологических условиях, но и об антропогенном факторе, который четко наблюдается в оврагах и балках исследуемого района

В исследуемых осиновых лесах мы отметили наличие 5 типов 15 подтипов географических элементов [3,4], из которых преобладает евразийский 39 видов (52%), второе место занимают европейские 17 видов (23%), а третьи принадлежат голарктическим 10 (13%) видам. (табл. 2)

Таблица 2
Географический анализ исследуемых осиновых байрачных лесов

Ареалы		Число	%
1.	Евразийский	39	52
	1. Евроазиатский	25	33,3
	2. Евросибирский	11	14,7
	3. Понтическо-заволжско-Казахстанский	2	2,7
	4. Сибирский	1	1,3
2.	Голарктический	10	13
	1. Голарктический	9	12
	2. Азиатский	1	1,3
3.	Европейский	17	23
	1. Европейский	9	12
	2. Понтический	3	4
	3. Бореальный	3	4
	4. Нижневолжский	1	1,3
	5. Сармато-понтический	1	1,3
4.	Древнесредиземноморский	7	9,3
	1. Древнесредиземноморский	3	4
	2. Средиземноморский	4	5,4
5.	Космополит	2	2,7

В балках преобладают евразийский тип ареала 39 видов (52%), из которых, собственно, евразийские составляют 25 видов или 33% от всей флоры. Значительная доля принадлежит евросибирским видам 11(15%).

Почти четверть флоры составляет европейский тип ареала, наиболее типичные из них являются: *Malus silvestris*, *Asparagus officinalis*, *Convalaria mayalis*, *Solanum dulcamara*, *Aristolochia clematitis*, *Ulmus laevis*, *Salix alba*, *Campylosiphon sibirica*, *Quercus robur* и бореальных 3 вида: *Glechoma hederacea*, *Origanum vulgare*, *Prunus padus* и др.

Слабее выражена доля голарктических 9 видов (13%): *Cicoriumintubus*, *Artemisia dracuncululus*, *Artemisia absinthium*, *Taraxacumofficinale*, *Fragariavesca*, *Thlaspiarvense*, *Húmulus lupulus*, *Gypsóphila paniculata*, *Hypericumperforatum* и древнесредиземноморских 7 видов (11%): *Glycyrrhíza glábra*, *Festúca valesiáca*, *Alliumlineare*. Довольно мало космополитов 2 вида: *Phragmites australis*, *Capsellabursapastoris*.

Таким образом, географический анализ свидетельствует, что основу байрачных осинового лесов образуют евразийские виды 52%, европейские виды составляют 23% и голоарктические 13%. Проведенный анализ показывает, что исследуемый регион находится в левобережье реки Урал, на границе Бореального и Древнесредиземноморского подцарства Голарктического царства [14].

Литература

- 1 «Флора СССР» Москва 1934-1961, т.1-30
- 2 Петренко А.З. «Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области», г. Уральск, 1998г.-с.4
- 3 Иванов В.В. Определитель семейств Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия.Л.,1964. С. 188-215.
- 4 Иванов В.В. Осоковые Северного Прикаспия// Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия.Л., 1968. Вып. 3, ч. 2. 110 с.
- 5 Иванов В.В. Лютиковые Северного Прикаспия// Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия.Л., 1971а. Вып. 5, ч. 1. С. 2-68.
- 6 Иванов В.В. Розоцветные Северного Прикаспия// Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия.Л., 1971б, Вып. 5, ч. 2. С. 2-78.
- 7 Иванов В.В. Мелкие семейства флоры Северного Прикаспия (амариллисовые – гераниевые)// Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия.Л.,1972. Вып. 6, ч. 1. С. 1-41.
- 8 Иванов В.В. Мелкие семейства флоры Северного Прикаспия (горечавковые - кутровые)// Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия.Л.,1972. Вып. 6, ч. 2. С. 43-186.
- 9 Иванов В.В. Крестоцветные Северного Прикаспия // Ботаническая география Северного Прикаспия. Л.,1974. С. 30-114.
- 10 Иванов В.В. Бурачниковые Северного Прикаспия // Ботаническая география Северного Прикаспия. Л.,1977. С. 98-149.
- 11 Иванов В.В. Резедово-ягодковые Северного Прикаспия // Ботаническая география Северного Прикаспия. Л.,1977. С. 3-64.
- 12 Иванов В.В. Определитель растений Северного Прикаспия (маревые, лилейные). Л. 1989. 96 с.
- 13 «Флора Казахстана» Алма Ата 1956-1966, т.1-9
- 14 Тахтаджян А.Л. «Флористические деления суши и океана», 1974г-с.117

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАЗДЫҚ
БИДАЙ (*TRITICUM AESTIVUM L*) ДАҚЫЛДАРЫНА ӨСУ
РЕТТЕГІШТЕРІН ҚОЛДАНУ**

Каирғалиева Д.М. – магистрант
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
dianakunurova@mail.ru

Ғылыми жетекші б.ғ.к., аға оқытушы Кайсағалиева Г.С.

Ғылыми зерттеу жұмысы Батыс Қазақстан облысы жағдайындағы Жаздық бидай (*Triticum aestivum l*) дақылдарына өсу реттегіштерінің көрсеткіштік және өнімділік деңгейі анықталды.

Кілт сөздер: Бидай. Өсу реттегіштері. Тыңайтқыштар. Гормондар. Препараттар. Контролфит РК. НаноКремний. Текнокель N. Фертигрейн Фолиар.

Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің, әсіресе астық тұқымдастарының көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет [1]. Бұл туралы 2022 жылғы 1 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында айтқан болатын. Әлемдегі тағам және азық-түлік ресурстарының көлемін заманымызға сай сыни талдасақ, болашақта да адамзаттың азықтық қажетін өтейтін маңызды биополимерлер – белок, көмірсу және майлардың негізгі көзі дәнді дақылдар екендігін айқындаймыз [2]. Сондықтан, қазіргі таңда өсу реттегіштерін қолдану ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен өнім сапасын арттырумен қатар әлеуметтік және экологиялық жағдайды жақсартады [3].

Жұмысымыздың мақсаты жаздық бидайдың (*Triticum aestivum l*) өнімділігіне өсу реттегіштерінің әсерін анықтау болып табылады.

Зерттеу барысында келесідей міндеттер қойдық:

-Жаздық бидай (*T. aestivum l*) тұқымдастарына анатомо-морфологиялық құрылысын сипаттау.

-Жаздық бидай тұқымының көрсеткіштік және өнімділік деңгейін анықтау.


-Жаздық бидайды статистикалық өңдеуден өткізу.

Қазіргі таңда қоңырбастар (*Poaceae*) тұқымдасының әлем бойынша 7000 түрі, ТМД елдерінде 1000 түрі, Қазақстан республикасында 418 түрі, БҚО-да 134 түрі кездеседі [4]. Туыстық спектрде жаздық бидай бірінші орында. Жаздық бидай (*T.aestivum l*) егіншілікте көп тараған, масағы борпылдақ, қылтықты және қылтықсыз, қылтықты формаларында қылтықтары жанжағына шашыраңқы орналасқан және масақ ұзындығынан қысқа. Масақ қабықшасы ұзынша әжімді, қыры жіңішке, негізіне қарай жойылып кетеді. Масақтың «бет» жағы бүйірінен жалпақ. Масақ асты сабанының бөлігі қалыпты жағдайда кеуек. Дәндері жеңіл үгітіліп, ұсақ, орташа және ірі болып келеді [5]. Жұмсақ бидай (*T. aestivum l*) жалаңаш дәнді, $7 \times 2 \times 3 = 42$ немесе гексаплоидты (гекса – (лат) алты), яғни әртүрлі үш жұп геномды бидай [6]. Жұмсақ жаздық бидай (*T.aestivum l*) өсімдігінің систематикалық орны: Дүниесі: *Plantae* Бөлімі: *Liliopsida* Тұқымдасы: *Poaceae* Туысы: *Triticum* Түрі: *Triticum aestivum l*.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында жаздық дәнді дақылдар егілген алқап 160 мың гектардан астам, ал жаздық бидайдың (*T.aestivum L*) егіс көлемі 105 мың гектарды құрап отыр. «Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында» жүргізілген талдауға сәйкес, облыс бойынша қолайлы жылдардың (қуаңшылықсыз) деңгейі небәрі 5 % құрайды [7]. Осыған орай өсімдіктерді микро

және макроэлементтермен өңдеу көптеген метаболикалық процестерге әсер етеді және дақылдың химиялық құрамының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Өсімдіктердің құрамында 60-тан астам химиялық элементтер бар. Олардың ең маңызды элементтері - азот, фосфор, калий, күкірт, темір, кальций және магний. Бұл элементтер өсімдіктердің өсуі мен дамуын жақсарту, ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алу үшін топыраққа енгізілетін минералды тыңайтқыштардың құрамында болады[3].

Ғылыми зерттеу жұмысы Батыс Қазақстан облысы, «Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде жаздық бидайдың (*Triticum aestivum* L) өнімділігіне өсу реттегіштерінің әсері анықталды (сур. 1).



Сурет 1. Зерттеу ауданының карта схемасы

Зерттеу объектісі: Жаздық бидайдың (*T. aestivum* L) Приуральная сорты. Зерттеу объектісінің жалпы аумағы 15 м². Тәжірибе жұмыстарына талдау жасау үшін алдымен учаскені әр препаратқа 3 м²-дан телімдерге бөлінді (сур. 2).



Сурет 2. Жаздық бидай алқабын телімдерге бөлу

Тәжірибе барысында жаздық бидайдың өсуіне, дамуына және өнімділігіне ықпал еткен препараттың 4 түрі қолданылды (1-кесте).

1 кесте
Тәжірибе схемасы

№	Препарат атауы	Көктеу кезеңі	Түптену кезеңі
1	Бақылау	Сумен өңдеу	Сумен өңдеу
2	Контролфит РК	1л/га	1л/га
3	НаноКремний	100г/га	100г/га
4	Текнокель N	0,5 л/га	0,5 л/га
5	Фертигрейн Фолиар	0,5 л/га	0,5 л/га

Тәжірибе екі рет қайталанып, препараттармен көктеу кезеңіндегі өңдеу 08.06.2022 жылы және түптену кезеңіндегі өңдеу 22.06.2022 жылы келесі схема бойынша жүргізілді (сур. 3).



Сурет 3. Препараттарды дайындап, өңдеу

Зерттеу нәтижесі: Ғылыми жұмыстың зерттеу нәтижелері 2016 жылғы ГОСТ 9353-90-ға сәйкес жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде өсу реттегіштерін қолдану жаздық бидайдың өсуі мен дамуына салыстырмалы түрде айтарлықтай әсер еткенін көрсетті. (2-кесте).

2кесте
Жаздық бидай көрсеткіштері

Көрсеткіш тер	Бақылау	Контролфит РК	НаноКремний	Текнокель N	Фертигрейн Фолиар
Сабақтардың саны, м ²	357	350	378	365	355
Максималды сабағының ұз., см.	65	61	70	70	57
Минималды сабағының ұз., см	32	29	48	40	27
Масақтың орташа ұз., см.	4,5	6	7	6,3	5,3

Масақ дәндерінің жалпы саны, дана	12	17	18	16	15
Масақтағы масақша саны, дана	10	12	16	12	13

Ғылыми морфологиялық талдау нәтижесінде Нанокремний препаратымен өңделген 1 шаршы метрдегі жер телімінің сабақтар саны, сабағы мен масағының ұзындығы, масақтағы масақша саны және дәндерінің жалпы саны ең жоғары көрсеткіш берді. Ал, ең төменгі нәтижені бақылау мен Фертигрейн Фолиар препараты көрсетті.

Жаздық бидай дақылдарының өнімділік деңгейі өсу реттегіштерін қолдануға да, өсімдіктердің вегетациялық кезеңіндегі ауа райы жағдайының ылғалды болуына да байланысты екендігі анықталды. Өйткені, тәжірибедегі препараттар көрсеткіштері жоғары нәтижеде ұқсас болып, бақылаудағы бидай көрсеткіші салыстырмалы түрде ең төменгі нәтиже берді (3-кесте).

3кесте

Жаздық бидайдың өнімділік дәрежесі

Өнімділік деңгейінің көрсеткіштері	Бақылау	Контролфит РК	Нано-Кремний	Текнокель N	Фертигрейн Фолиар
Глютеннің массалық үлесі, %	38	41	39	43	45
Глютен сапасы, ИДК бірліктері	III топ 105	III топ 105	III топ 105	III топ 110	III топ 115
Ақуыздың массалық үлесі, %	15,39	17,15	16,21	17,10	17,60
1000 дәннің салмағы, г.	28,3	31,7	29,1	28,4	25

Қолданылған барлық препараттарда глютеннің және ақуыздың массалық үлесі мен сапасы өте жоғары. Бұл бидай ұнының сапасының ең маңызды наубайхана көрсеткіші болып табылады. Нәтижесінде, глютеннің жоғары көрсеткіші мен бидайдың тауарлық класын анықтаудағы ақуыздың құрамы 1-ші класты көрсетеді. Әсіресе, глютен және ақуыздың массалық үлесі бойынша ең жоғары көрсеткішті Фертигрейн Фолиар препараты берді. Ал, 1000 дәннің салмағының жоғары нәтижесін Контролфит РК көрсетті [8].

Қорытындылай келе, ғылыми зерттеу жұмысында жаздық бидай (*T. aestivum L*) тұқымдастарына анатомо-морфологиялық құрылысын сипатталды, жаздық бидай тұқымының көрсеткіштік және өнімділік деңгейі анықталды, жаздық бидайды статистикалық өңдеуден өткізу. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, жаздық бидайдың Приуральная сортын өсіру технологиясында НаноКремний, Текнокель N өсу реттегішімен өңдеу тәжірибелік жаздық бидайдың морфологиялық және биологиялық сипаттамаларын жақсартуға, ал дән

сапасының өнімін арттыруға ең жоғары көрсеткішті Фертигрейн Фолиар, Текнокель N өсу реттегіші көмектесті. Зерттелетін факторлардың жиынтығы Текнокель N, НаноКремний, Фертигрейн Фолиар өсу реттегіштері жаздық бидайдың барлық вегетациялық кезеңінде өсімдіктердің минералды коректенуінің жоғары деңгейін қамтамасыз етті.

Әдебиеттер

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйек Жолдауы.

2 Б. Р. Қодаров, Ә. Е. Ережепов Дәнді, жарма және техникалық дақылдар биохимиясы. (Техникалық биохимия) // оқулық. - Алматы, 2015. 8 б.

3 А. К. Баешова Химия и технология минеральных удобрений. Учебное пособие. - Алматы «Қазақ университеті» 2017 5, 21, 96 б.

4 Павлов Н.В Флора Казахстана, Том 1//Изд-во Академии наук Казахской ССР, 1956 С 112.

5 Қ.К. Әрінов, Қ.М. Мұсынов, А.Қ. Апушев, Н.А. Серікпаев, Н. А. Шестакова, С.С. Арыстанғұлов Өсімдік шаруашылығы. Оқулық.- Алматы, 2011 231-234 б.

6 Изтаев Ә. І., Ермекбаев С.Б. Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану //Оқулық. -Алматы, 2014. 190б.

7 Аманжолов С.Д., Лиманская В.Б., Шектыбаева Г.Х., Диденко И.Л., Иманбаева Г.К., Абдрахманов Д.Х. Рекомендации по проведению весеннего сева яровой пшеницы в Западно-Казахстанской области на 2020 год // «НАО Национальный аграрный научно-образовательный центр». – Уральск, 2020. – С. 4-5.

8 Кожсағалиева Р.Ж. Агробиологические основы выращивания многолетних злаковых трав на лиманах Западного Казахстана // Монография. -Уральск, 2019 г. С 57.

ӘОК 574.4

БӘЙТЕРЕК АУДАНЫ, КРАСНОАРМЕЙСК АУЫЛЫНЫҢ ОРМАНЫНДАҒЫ ГИМЕНОМИЦЕТАЛАРДЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІГІ

Ислямова С.Б. - магистрант
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті
Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекші- б.ғ.д., профессор **Дарбаева Т.Е.**

Аннотация. Саңырауқұлақтар патшалығы – әлі күнге толық зерттеліп болмаған, қызыққа толы әлем. Осы мақала арқылы оқырманға сол әлемнің шағын бөлігі туралы ой қалыптастырып, өңірімізде кездесетін қалпақты саңырауқұлақтар жайлы білім толықтыруды көздедім. Базидиомицеттер класының өкілі гименомицеталар қандай? Қалай тіршілік етеді, қай жерлерде кездеседі? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын осы мақаладан таба аласыздар.

Кілт сөздер: базидиомицеттер, гименомицета, қалпақты саңырауқұлақ, ағашқұлақ(трутовик), сарғыш-сұр ағашқұлақ, ерін тәрізді ағашқұлақ, жалған валуй.

Жер бетіндегі алғашқы саңырауқұлақтар динозаврларға дейін пайда болған дейді. Олар жануарға да, өсімдікке де тән қасиеттері болған себепті дербес «патшалық» болып табылады. Осы бір ерекше «саңырауқұлақтар патшалығына» сапар шегіп көрейік. Жалпы саңырауқұлақтар бес классқа жіктелетіні белгілі. Олар: архимицеттер, аскомицеттер, базидиомицеттер және жетілмеген саңырауқұлақтар. Соның ішінде біз зерттеген гименомицеталар базидиомицеттер класына жатады. Олардың әлемде 12 мыңнан астам түрі бар [1].

Гименомицеттер өте кең таралған және барлық жерде дерлік кездеседі. Гименомицеттерге ағаштарды паразиттендіретін жіңішке саңырауқұлақтар, сапрофитті үй саңырауқұлағы және көптеген қалпақшалы саңырауқұлақтар жатады. Бұл топтағы түрлердің көпшілігі сапрофиттер. Олардың табиғаттағы рөлі - өсімдік қалдықтарының ыдырауы. Көптеген қалпақшалы саңырауқұлақтар микориза түзетін жоғары сатыдағы өсімдіктердің, әсіресе ағаш түрлерінің тамырларымен күрделі симбиозға түседі. Бұл кезде топырақта орналасқан мицелий жоғары сатыдағы өсімдіктердің тамырларымен тікелей жанасады. Бұл байланыста микоризаның екі түрі ажыратылады: эндотрофты және экто-трофиялық [2].

Гименомицеттерді орманда да, шалғында да, далада да кездестіруге болады. Олар тіпті құрғақ далаларда, шөлді-шөлейтті аймақтарда да кездеседі. Ондай саңырауқұлақтар – далалық «порцини саңырауқұлақтары» деп аталады.

Гименомицеттер арасында паразиттер де кездеседі. Бұл тірі ағаштарға қоныстанатын саңырауқұлақтардың бөлігі. Мысал ретінде қарағайлар мен шыршаларда паразиттік тіршілік ететін Тамыр саңырауқұлағы (*Fomitopsis annosa*) және қалпақшалы саңырауқұлақтар арасында тірі ағаштардың тамыры мен діңіне қонып, оларды тез жойып жіберетін белгілі, оған Күзгі бал саңырауқұлағы (*Armillariella mellea*) жатады.

Гименомицеттердің жемісті денелері бір жылдық немесе көпжылдық болуы мүмкін. Олар бір вегетациялық маусымда толық дамуын аяқтайды. Әдетте мұндай жеміс денесінің толық дамуы орта есеппен 10-14 күнге созылады. Полипорлы саңырауқұлақтардың ағаш тәрізді жеміс денелері көпжылдық. Гимений бүкіл вегетациялық кезеңде спораларды қалыптастырады және тастайды. Бұл кезде гименофордың түтікшелері өсіп, бірнеше жыл қызмет етеді. Тіпті саңырауқұлақтардың 80 жылдық жеміс денелері де бары айтылып жүр. Мұндай жеміс денелеріндегі гименофордың жылдық қабаттарын оларды кесу арқылы анық көруге болады [1].

Бұлардан бөлек қалпақты саңырауқұлақтардың көптеген түрлері азық-түлік, дәрі-дәрмек көзі ретінде де пайдаланылады. Заман дамып, ашытқының түр-түрі шығып жатқан болса да, кейбір наубайханалар саңырауқұлақтан ашытқы жасап қолданады. Шарап жасайтын кей фабрикалар да саңырауқұлақ ашытқысына жүгінетіндері рас. Сондай-ақ, олардан асқазан-ішек жолдарындағы ауруларды емдейтін түрлі препараттарды дайындайды. Ғалымдар көп жылдық зерттеу жүргізудің нәтижесінде базидиалды саңырауқұлақтардың 3000-нан аса түрінде антибактериалды белсенділік барын анықтаған [3].

Осы гименомицеталардың өңірімізде қандай түрі кездесетіні қызықтырып, микробiotасының өзіндік ерекшелігін, оның басқа да құрылымы, жіктелуі мен ерекшелігін анықтауды мақсат ете отырып Бәйтерек ауданы, Красноармейск ауылының орманына сапарға шықтық. Біз жасаған далалық сараман уақыты қараша айымен тұспа-тұс келген болатын. Орманды қара, ақ теректер (тополь), үйеңкі ағаштары, сондай ақ біріне бірі қиыса-жанаса өскен қарағаштар қаптаған.

Ораманды, ағаш түптеріне қарай жүріп көзімізге қалпақтылардың бірнеше түрі ілікті. Ең көп кездескені қалпақты саңырауқұлақтар, соның ішінде – ағашқұлақ (трутовик). Сапар кезінде сарғыш-сұр ағашқұлақ, ерін тәрізді

ағашқұлақ (трутовик губчатый), сонымен қатар жалған валуй (ложный валуй) табылды.

Ағашқұлақтар – ағаш сүрегін бүлдіретін паразитті саңырауқұлақтар (1-сурет). Ол тек өсіп тұрған тірі өсімдіктер мен ағаштарға ғана емес, құрылыстардағы ағаш сүректеріне де зақым келтіреді. Бұл саңырауқұлақтардың жіпшесі ағаш діңгегіне терең кіріп, оның шырышымен қоректенеді. Бұл ағаш сүрегіннің бүлінуіне әкеп соғады. Егер құрылыс ағаштарына ылғал тиген болса, ағашқұлақтар өрбіп, оларды бүлдірді дей беріңіз.



1 сурет. *Laetiporus sulphureus*

Міне, осындай паразитті тірлік кешетін саңырауқұлақтар біздің ормандарда да жоқ емес екен. Көбіне қарашірік көкжиегінде кездеседі. Бұл аз зерттелген организмдер ағаш діңдерінде тіршілік етіп, оларға зиянын тигізіп жатыр. Біз көрген сары-сұр ағашқұлақтың екі түрі болады. Бірі жеуге жарамды болса, екінші түрі улы. Біз көрген қалпақты сырттай қараған кезде әдемі көрінеді. Соған қарап, улы-паразиттік деп топшаладық. Қалпақшалары 10-15 см-ге дейін жетеді.

Алдымыздан ұшырасқан келесі түрі – ерін тәрізді ағашқұлақ (2-сурет). Оның ені 10 см-ден 50 см-ге дейін жететін көрінеді. Бізге кездескендері шағын 10-20 см көлемінде болды.



2сурет. *Fomes fomentarius*

Бетін қоңырқай қатпарлы қабық жапқан. Бұл қабықтың реңі уақыт өткен сайын түрлі түске ауысып отырады. Жас түрлері қызыл-қоңыр, кейін жаңғақ түстес қоңырға боялады. Ал, қарт түрлері сұр түске енеді.

Бұл жеуге жарамсыз, ағаш түбін зақымдап, оны түгел жаралап, әлсірететін қалпақты. Өзі өскен ағаш соңында шіріп, құлауға дейін жетеді. Бұл орманның ең қауіпті жауларының бірі десек артық емес. Өңіріміздің орманды алқаптарының экологиясына едәуір әсер етуде.

Көзімізбен көріп, суретке түсірген келесі қалпақты саңырауқұлақ – жалған валуй (3-сурет).



3сурет. *Hebeloma Crustuliniforme*

Бұл адам организміне аса қауіпті улы саңырауқұлақ. Оны тұтынуға жарамды саңырауқұлақтан ажырата білген жөн. Сыртқы түріне қарап оларды ажырату

қиынға соғады. Алайда мүңкіген иісі бірден өзінен хабар береді. Жаз айларынан бастап өсіп, күздің соңғы айларына дейін тіршілік етеді. Сонымен бірге, олар бір-бірден немесе аз көлемде шоғырланып өседі. Улы жалған валудің тағы бір белгісі – қалпағының шеті ирелеңдеп өседі.

Қорытындылай келе, Бәйтерек ауданы, Красноармейск ауылында қалпақты саңырауқұлақтардың биоалуантүрлілігіне көзіміз жетті, флоралық құрамы талданылды. Олардың таралу аймақтары бақыланып, орман микобиотасының ерекшелігі сипатталынды.

Әдебиеттер

- 1 Гельмурт и Ренате Грюнерт, Грибы. – 2002 ж., 230-232 б.
- 2 В. Ф. Малышева, Е. Ф. Малышева *Высшие базидиомицеты лесных и луговых экосистем Жигулей.* – 2008 ж., 26-125 б.
- 3 Интернет сайттардағы, порталдардағы мәліметтер.

УДК 574(0758)

СОПРЯЖЕННОСТЬ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ В СИСТЕМЕ «ВОДА-ПОЧВА-РАСТЕНИЯ» УСЛОВНО ЧИСТОЙ ЗОНЫ ПАРКА И ПРОМЫШЛЕННЫХ ЗОН «ТЭЦ», ЗАВОДА «ЗЕНИТ» И ЗАВОДА «МЕТАЛЛИСТ» Г.УРАЛЬСКА

*Череватова Н.К. – к.х.н., профессор ЗКУ,
Кисметова В. – студент,
Джусупова Р. – магистрант,
Наушкенов Б. – студент
Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, г. Уральск
ncherevatova@mail.ru*

Физико-химические показатели природных объектов, таких как вода, почва, растения, меняются в определенной зависимости как от места нахождения этих объектов (условно чистые и промышленные зоны), так и от времени года [1].

Техногенные нагрузки негативно влияют на природные объекты, нарушают сбалансированность в обменных биохимических процессах, в частности, в белковом обмене растений, индикатором которых служат свободные – аминокислоты, а также изменяют сезонные закономерности содержания катионов и анионов в воде и почве [2].

Представлял интерес проследить сопряжённое содержание ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} в воде, почве и растениях, а также сопряжённость этих катионов с числом свободных аминокислот в фитомассе растений (клёна, тополя и берёзы) осенью и весной [3].

Зависимость содержания указанных ионов можно представить в следующем виде:

Парк	Fe^{3+}	Cu^{2+}	
вода	< почва	вода	< почва
	0,17	0,3	0,01 1,55
	мг/л	мг/кг	мг/л мг/кг
ТЭЦ	Fe^{3+}	Cu^{2+}	
Осень	вода	< почва	вода < почва
	0,12	0,21	0,05 1,0
	мг/л	мг/кг	мг/л мг/кг

Как осенью, так и весной в фитомассе растений присутствуют значительные концентрации ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} , свидетельствующие об активных окислительно-восстановительных процессах в фитомассе растений.

Отсюда, содержание ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} в районе парка и ТЭЦ имеют зависимость: вода < почва < растения как осенью, так и весной;

- осенью меньшее число свободных α -аминокислот соответствует большему содержанию ионов железа и меди в фитомассе растений, а весной – большему числу свободных α -аминокислот – меньшее содержание этих катионов.

Содержание ионов меди и железа в фитомассе растений парка и завода «Зенит» можно представить в следующем виде:

		Осень				
		Cu^{2+}	вода < почва < клен > береза > тополь			
Парк	Cu^{2+}	0,01	1,53	1,96	0,97	0,9
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Fe^{3+}	вода < почва < тополь > клен > береза				
		0,16	0,5	0,85	0,45	0,43
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
Завод «Зенит»	Cu^{2+}	вода < почва < клен > тополь > береза				
		0,03	1,61	2,0	1,41	1,23
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Fe^{3+}	вода > почва < тополь > клен > береза				
		0,19	0,13	0,7	0,4	0,2
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
		Весна				
Парк	Cu^{2+}	вода < почва < клен > береза > тополь				
		0,01	1,0	1,34	0,73	0,6
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Fe^{3+}	вода < почва < клен > тополь > береза				
		0,2	0,8	0,48	0,46	0,46
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
Завод «Зенит»	Cu^{2+}	вода < почва < клен > береза > тополь				
		0,02	0,97	1,6	1,0	0,9
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Fe^{3+}	вода > почва < тополь > береза > клен				
		0,21	0,2	0,6	0,37	0,31
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг

Отсюда, ионы Cu^{2+} в системе «Вода-Почва-Растения» как в парке, так и в районе завода «Зенит» имеет зависимость вода < почва < растения как осенью, так и весной; ионы Fe^{3+} имеют аналогичную зависимость только в парке и осенью, и весной, но в районе завода «Зенит» и осенью, и весной зависимость имеет другой вид: вода > почва < растения.

Рассматривались сопряженные физико-химические показатели в системе «вода-почва-растения» в условно чистой зоне парка и промышленной зоны завода «Металлист».

Было показано, что содержание ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} в системе «вода-почва-растения» увеличивается от воды к почве и от почвы к растениям в районе завода «Металлист» и осенью, и весной, а в районе парка наблюдается их увеличение от воды к почве как осенью, так и весной, но в случае растений их концентрация меняется незначительно: ионы Fe^{3+} осенью увеличивают своё содержание в зависимости: вода < почва < растения, а весной – вода < почва > растения; ионов Cu^{2+} осенью и весной имеют такую же зависимость: вода < почва > растения,

то есть растения парка имеют меньшее содержание ионов Cu^{2+} , чем почва как осенью, так и весной, и меньшее содержание ионов Fe^{3+} , чем в почве весной. Вероятно, это связано с местом нахождения растений и со способностью поступления ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} из почвы в растения.

Зависимость содержания ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} в системе «вода-почва-растения» можно представить следующим образом:

Осень

Парк	Fe^{3+}	вода <	почва <	клён <	тополь >	берёза
0,14	0,3	0,56	0,71	0,2		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Cu^{2+}	вода <	почва >	клён >	тополь >	берёза
0,02	1,6	1,4	1,0	0,9		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг

Весна

	Fe^{3+}	вода <	почва >	клён >	тополь >	берёза
0,19	0,6	0,50	0,39	0,29		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Cu^{2+}	вода <	почва >	клён >	тополь >	берёза
0,01	1,1	0,9	0,8	0,4		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг

Осень

Завод «Металлист»

	Fe^{3+}	вода <	почва <	тополь >	клён >	берёза
0,1	0,16	0,72	0,5	0,3		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Cu^{2+}	вода <	почва <	клён >	тополь >	берёза
0,07	0,9	1,31	0,92	0,66		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг

Весна

	Fe^{3+}	вода <	почва <	клён >	тополь >	берёза
0,12	0,21	0,8	0,52	0,16		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг
	Cu^{2+}	вода <	почва <	клён >	тополь >	берёза
0,05	0,78	0,9	0,5	0,4		
		мг/л	мг/кг	мг/кг	мг/кг	мг/кг

Отсюда, содержание ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} в системе «вода-почва-растения» различно в районах парка и завода «Металлист»: в районе завода «Металлист» наблюдается закономерность вода < почва < растения для ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} и осенью, и весной, а в районе парка эта закономерность сохраняется только для ионов Fe^{3+} в осенний период;

- весной содержание ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} и осенью ионов Cu^{2+} в парке имеет другую закономерность вода < почва > растения.

- в осенний период большому числу свободных α -аминокислот с их малой концентрацией соответствуют большие значения содержания ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} , а в весенний период – малому числу свободных α -аминокислот с их высокой концентрацией соответствуют меньшие значения содержания ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} в фитомассе растений обеих экзон;

- самые низкие значения содержания ионов Fe^{3+} и Cu^{2+} наблюдается у берёзы, которым соответствует малое число свободных α -аминокислот в обеих экзонах и осенью. и весной.

Литература

- 1 Вольф И. В. Химия окружающей среды. - СПб.: СПбГТУРП, 2006. – 126 с.
- 2 Димитриев, А.Д. Биохимия: Учебное пособие / А.Д. Димитриев, Е.Д. Амбросьева. - М.: Дашков и К, 2018. - 168 с.
- 3 Череватова Н.К., Якупова Д.Б. Био-, геоанализ природных объектов. Учебно-методическое пособие для лабораторного практикума. – Уральск, 2012. – 337 с.

УДК №582.093(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БҰТА ТЕКТЕС ТАЛДАР *SALIX LIVIDA L.* ФИТОЦЕНОТИКАЛЫҚ ЕРЕКШІЛІГІ

Хабиева Г.Б. - 2-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы БатысҚазақстан университеті, Орал қ.
nurdaulet-30.10.99@mail.ru

Ғылыми жетекші б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е.

Мақалада Батыс Қазақстан облысында бұта тектес талдардың қауымдастығы қарастырылды. 34 түрді қамтитын талдың *Salix livida* A.U.Falin авторы бірлестігінің түрлік құрамы анықталды.

Батыс Қазақстан облысының шегінде ормандар облысымыздың бүкіл аумағының 0,6% құрайды, сондықтан тал қауымдастықтарын қазіргі деңгейде зерттеу өзекті деп санаймыз. Талды зерттеу 2021/22 жылдары басталды, тағыда зерттелуде.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтарында №400-VI Қазақстан Республикасының экологиялық Кодексі адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласында жеке және заңды тұлғалардың талдар қауымдастығының қоршаған ортаға қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Біздің зерттеуіміз Жайық өзенінің жағалауындағы 1. Меловые горки. 2. Подстепное. 3. Социализм ауылы аралығындағы орталық жайылмада таралған, тал қауымдастығын зерттедім. GPS: 51.106847 °N; 51.399.359°E (1-сурет).




Сурет 1. Зерттеу ауданының картасы

Зерттеуіміздің нәтижесінде біз бір ассоциацияны анықтадық. (2,3-сурет) Зерттеген ауданымызда орман өсімдігі 56% , дала өсімдігі 22%, шөлейт өсімдігі 11%, шөл өсімдігі 11% кездесті.



Сурет 2. Зерттеу аймағ

Талдар қауымдастығына флоралық талдау жасалып, геботаникалық зерттеулер жүргізілді. Талдар қауымдастықтарының 37 өсімдік түрі бар. Жайылмалы ормандардың флористикалық құрамы мен құрылымын анықтадық.



Сурет 3. *Salix livida* өлшеу сәті

Тал қауымдастығында III ярус айқын көрінеді: жоғарғы бұта (*Salix livida* L.), ортаңғы ярустар жартылайбұта (*Rubus caesius* L.) және төменгі шөптесін ярус болды. Бізге бұталы ярустардан *Salix livida* L., *Rosa canina* L., *Prunus spinosa* L., *Rhamnus cathartice* L. кездесті. Бұталар арасынан бүлдірген мен ащылау алқаны кездестірдік. Шөптесін жамылғылардың мезофильдік құрамы *Artemisia abrotanum* L., *Bidenstripatita* L., *Cannabis ruderalis* L., *Aristolochia clematitis* L., *Bidens tripatita*, *Stachys sylvestris* L. және т.б. өте қызықты шөптесін түрлері болды.

Негізгі орман түрлері – ақ және қара теректер (*Populus alba* L., *P. nigra* L.), ақ тал (*Salix alba* L.), орман бүлдіргені (*Rubus caesius* L.) құралған.


Талдар қауымдастығын зерттеу үшін көлемі 20 × 20 м аумақты алып, геоботаникалық зерттеу жүргізе отырып, талдар қауымдастығының биіктігін анықтадық. Қорытынды талдау бойынша орташа биіктігі 3,5 м-ден 5,5 м арасы болды.

Талдар қауымдастығының жайылма экосистемасын экологиялық жағдайын фитоценоздық құрылымы бойынша қарастырдық (сурет 4).

Зерттеу ауданының түрлік құрамы бойынша орман типіне жататын түрлер 38% болды. Екінші орында 26 % шалғындық түрлер, қылтанақсыз арпабас (*Bromus inermis* L.), шалғын әйкені (*Lathyrus tuberosa* L.), қызыл мия (*Glycyrrhiza glabra* L.) және т.б. флористикалық түрлер құрамына кіреді.

Үшінші орынға дала типіне 24% тән далалық өсімдік түрлері жатады: көк шұнақ бетеге (*Festuca ovina* L.), лерх жусаны (*Artemisia lerchiana* L.), еркек бидайық (*Agropyron pectinatum* L.).

Төртінші кезекте ерекше көзге түскен арам шөп 12 % өкілдері болды: қарасора (*Cannabis ruderalis* L.), ошаған (*Cardus crispus* L.).



Сурет4. Талдар қауымдастығының фитоценодикалық құрамы

Қорыта айтқанда бұл мақалада көрсеткен Батыс Қазақстан облысында кездесетін талдардың маңызы зор. Фитоценодикалық талдау бойынша БҚО әлі күнге дейін талдар қауымдастығы жазық далалы аудандарында, шөлейт – далалық аймақтарда, өзен аңғарларында таралған түрлері экологиялық жағдайы бойынша табиғи өзгерістерге ұшырамаған.

Әдебиеттер

- 1 Агеулов Е.А Флора поймы реки Урал-Алма-Ата: Наука, 1987.-104с.
- 2 Иванов В.В.Ластовневые- Партулаковые Северного Прикаспия// Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия Л. 1966, -27-34
- 3 Иванов В.В Осоковы Северного Прикаспия//Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия-Л. 1968, Вып.2,-б 33-58
- 4 Петренко А.З Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западного-Казахстанской области.Уральск, 1998 г.
- 5 В.В Иванов Определитель деревьев и кустарников Западного Казахстана Уральск, 1949 г.
- 6 /<http://afonin-59-salix.narod.ru/>
- 6 /<https://dic.academic.ru/>

ӨСУ РЕТТЕГІШТЕРІНІҢ МАҚСАРЫ (*CARTHAMNUS*) ӨНІМДІЛІГІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Хайрушева А.Е. - 2-курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қаласы
asemka_98.kz@mail.ru

Ғылыми жетекші- б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е.

Мақалада Батыс Қазақстан облысы Орал қаласындағы ауылшаруашылық тәжірбие станциясында өсірілетін майлы дақыл бояу мақсарының (*Carthamus tinctorium L.*) өнімділігіне өсу реттегіштерінің тигізетін әсері жайлы айтылады.

Кілт сөздер: бояу мақсары, контролфит Р,К, нанокремний, текнокель N, фертигрейн фолиар, өсу реттегіштері

Өзектілігі: Соңғы жылдары көптеген зерттеушілер адам мен қоршаған орта үшін қауіпсіз физиологиялық белсенділіктің кең ауқымына ие жаңа буынның өсу реттегіштерін жасауға және қолдануға ерекше назар аударып отыр. Сонымен қатар, өсу реттегіштері өсімдіктердің даму мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мақсары дақылдарының өнімділігін арттырудың экологиялық таза және экономикалық тиімді әдісі ретінде қарастырылуда.

Осы мәселелерді ескере отырып, өсу реттегіштерінің қызметі және өсімдіктердің өнімділігін анықтауға бағытталған зерттеулер өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің 5 бабында Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік қызметтің барлық саласындағы мемлекеттік саясаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму міндеттері мен орнықты дамуының экологиялық негіздерін қамтамасыз ету қажеттігі туралы айтылған. Қазіргі таңда ресми деректер бойынша елімізде шығарылатын өсімдік майының көлемі ішкі сұраныстың 13-24%-н құрайды [1]. Бүгінгі таңда халықты өсімдік майымен қамтамасыз ету үшін мемлекетіміз шет елдерден өсімдік майын сатып алуға тәуелді. Сол себепті майлы дақылдарды өсіру және олардың өнімділігін арттыру ауылшаруашылығының ерекше назарында. Осы орайда өсу реттегіштерін қолдану ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен өнім сапасын арттырумен қатар әлеуметтік және экологиялық жағдайды жақсартады.

Зерттеу жұмысының мақсаты Батыс Қазақстандағы бояу мақсарының (*Carthamus tinctorium L.*) биомассасының өнімділігіне өсу реттегіштерін қолданудың тиімділігін анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысын жүргізуде келесі міндеттер анықталды:

1. өсімдіктердің дамуына қажетті ең тиімді өсу реттегіштерін анықтау;
2. бояу мақсарының (*Carthamus tinctorium L.*) егістігінің өну қарқындылығына өсу реттегіштерінің әсерін зерттеу;
3. бояу мақсары (*Carthamus tinctorium L.*) дәнінің өнімділігі мен сапасын зерттеу.

Мақсары – астралылар тұқымдасына жататын тармақталған тік сабақты, бір жылдық өсімдік. Оның латынша *Cartamus* атауы арабтың *carton* – бояу деген сөзінен шыққан, өйткені мақсары гүлдерінде картамин пигменті бар. Бұл пигменттің ерекшелігі – суда сары түске, ал спиртте – қызыл түске боялады. Оның қандауыр тәрізді сопақ жапырақтары өсімдік сабағына сағаксыз

орналасады. Жапырақтарының жиегінде тікенектері болады [2]. Сабақтың биіктігі 100 см, кейде одан асып түседі. Гүлшоғыры – себетгүл. Гүлінің түсі ашық сары немесе қызылсары болып келеді. Бір өсімдікте 5-тен 60-қа дейін себетгүл бар. Жемісі – тұқымша. Мақсарының тұқымшаларынан май алынады [3].

Бояу мақсары өсімдігінің систематикалық орны:

Дүниесі: *Plantae*


Бөлімі: *Magnoliophyta*

Қатары: *Magnoliopsida*

Тұқымдасы: *Asteraceae*

Түрі: *Carthamus tinctorius L*

Өсу реттегіштерінің мақсары (*Carthamus*) өнімділігіне әсерін зерттеу 26.05.2022-30.08.2022 уақыт аралығында Орал қаласындағы тәжірбие станциясында жүргізілді (сурет 1).



Сурет 1. Зерттеу ауданының картасхемасы

Мақсары құрғақшылыққа өте төзімді өсімдік болғандықтан, оның тамыры 2 м тереңдікке дейін енеді. Бұл майлы дақыл құрғақ континентальды климатқа жақсы бейімделген болып табылады[4]. Мақсары тұқымын себу уақыты астық тұқымдастарымен бір уақытта жүргізіледі. Яғни мамыр айында жүзеге асырылды[5]. Егер егістік уақыты кешіктірілсе, онда ол дақылдың өнімділігін айтарлықтай төмендетеді (сурет 2).



Сурет 2. Егістік алқабындағы зерттеу жұмысы

Тұқымды отырғызғаннан соң 7 күн ішінде өскін пайда болды. Орыс агробиологі, өсімдік өсіруші (растениевод), педагог П.И. Подгорныйдың еңбектеріне сүйене отырып мақсарының (*Carthamus*) вегетациялық кезеңің бақыладым және өсімдіктерге биометриялық талдау жасадым (кесте 1).

Кесте 1

Өсу реттегіштерімен өңделген өсімдіктерге биометриялық талдау


№	Препарат атауы	Тамыр ұзындығы	Гүлдер саны	Сабағы
1	Контролфит РК	16.5 см	10-12	34 см
2	Текнокель амина бор	15 см	2-4	46 см
3	Фертигрейн фолиар	11 см	4-5	40 см
4	Нано кремний	12.4 см	7-8	49 см

Мақсары өсімдігінің өнімділігін арттыру мақсатында контролфит РК, нанокремний, текнокель N, фертигрейн фолиар өсу реттегіштерін пайдаландым (сурет 3).



Сурет 3. Су бүркігіштің көмегімен өсу реттегіштерін қолданып мақсарыны өңдеу сәті

Бүгінде өсу реттегіштерін қолдану өсімдіктердің көптеген физиологиялық процестерің жеделдетеді. Олар өсімдіктердің түрлі ауруларға, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімділігін арттырып және оның өнімділігіне тікелей әсер етеді[6]. Зерттеу жұмысы ұзындығы 15, ені 5 м аумақта жүргізілді. Ауылшаруашылық тәжірбие станциясының деректеріне сүйенсек егістік алқабының топырағы сазды, құрамында гумус мөлшері аз – 1,5-2,0% болып табылды. Жоғарыда көрсетілген кестеге сүйене отырып майлы дақылдың тұқымдарының мөлшері мен өнімділігін анықтадым (сурет 4).



Сурет4. Өсі реттегіштерінің бояу мақсарына тиімділігі

Қорытынды: Зерттеу жұмысының соңында ең тиімді өсу реттегіштері анықталды. Мақсарының (*Carthamus*) өсіп дамуына он әсерін тигізетін өсу реттегіші Контролфит РК, екінші орында Нано кремний, үшінші орында Текнокель болып табылды. Фертигрейн фолиар өсімдіктің құнарлығын төмендетіп ғана қоймай, оның өсіп дамуына теріс ықпалын тигізді.

Әдебиеттер

- 1 Қ. К. Әрінов, Қ. М. Мусынов, А. Қ. Апушев, Н. А. Серікпаев, Н. А. Шестакова, С. С. Арыстанғұлов *Өсімдік Шаруашылығы // Оқулық. – Алматы. 2011 – 424 - 425 б.*
- 2 Харисова А. В. *Фармакогностическое Исследование Сафлора Красильного (Carthamus Tinctorius L.) // Диссертация. – Самара. 2014 – 15 б.*
- 3 Дарбаева Т.Е. *Өсімдіктер систематикасы // Оқу құралы. – Орал. 2007 -72 б.*
- 4 Жанзақов М.М., Мырзабек К.А., Кенбаев Б.Қ. *Жалпы егіншілік. Қызылорда, Тұмар, 2005ж., 24 бет.*
- 5 Рыбакова, О.В. *Оценка качества растительных масел и масляных экстрактов, применяемых в фармации / О.В. Рыбакова, Е.Ф. Сафонова, А.И.Сливкин // Вестник ВГУ. Серия: Химия. Биология. Фармация. - 2007. - № 2, - С. - 174-177.*
- 6 Самылина, И.А. *Фармакогнозия. Атлас: учебное пособие: в 3-х томах// И.А. Самылина, В.А. Ермакова, И.В. Бобкова, О.Г. Аносова // М.: Гэотармедиа, 2009. Т. 3. - 488 с.*
- 7 www.plantarium.ru
- 8 ru.wikipedia.org
- 9 [agrovesti.net>lib/tech/growing...saflora.html](http://agrovesti.net/lib/tech/growing...saflora.html)
- 10 [adilet.zan.kz>kaz/docs/K070000212_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_)

ОРАЛ ҚАЛАСЫ МАҢЫНЫҢ ЖАЙЫЛМА ОРМАНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕНДРОФАГ-ҚОҢЫЗДАРЫ

А.С. Бисенгазиева - магистр, ст.преподаватель

С.Н. Бохорова – магистр, ст.преподаватель

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал,
bisengazievaa@mail.ru; b_sveta_n@mail.ru*

Батыста Еділ - Жайық өзені аралығында үлкен кеңістікті алып жатқан Батыс Қазақстан шын мәнінде ормансыз. Оның жеке орман топтары негізінен Орал, Елек, Уилл, Темір, Ембі және басқа да ұсақ өзендердің алқаптары мен аңғарларында, сондай-ақ жылғаларда, жарларда, ойпауыттарда және басқа да рельефтердің төмендеуінде шоғырланған. Олардың жалпы ауданы (орман орналастыру мәліметтері бойынша) бұталармен бірге 80 мыңға жуық га, оның ішінде еменнің үстемдігі бар екпелер 1,8; қарағаш - 10,3; терек - 24,1; қайың - 2,0; көктерек - 1,4; ағаш тәрізді талдар - 21,4; бұталар - 24,7; шағандар - 0,7; үйінкілер - 0,4; қандыағаштар - 0,8 мың га алып жатыр. Кейбір жерлерде өте аз мөлшерде жіңішке жапырақты жиделер кездеседі (Грибанов, Ларон, Чабан, 1970).

Бұл аймақта кездесетін ағаштар - жалпақ жапырақты және ұсақ жапырақты деп жіктеледі. Орал қаласында және қала маңында кездесетін жалпақ жапырақты ағаштарға: кәдімгі емен, қара терек, ақ терек, көктерек, үйінкі, шаған және т.б. жатса, ұсақ жапырақты ағаш түрлеріне қарағаш, ақ тал және т.б. жатады [1].

Далалық маршруттық зерттеу барысында Орал қаласы маңының жайылма ормандарының кейбір дендрофагтарын механикалық әдіспен ауланып, лабораториялық жағдайда анықтауыш оқу құралдары арқылы түрлік құрамы анықталып, зерттеледі.

Дендрофагтар – ағашты мен бұталы өсімдіктердің зиянкестері. Олардың келесідегідей экологиялық топтары бар: ризофагтар – тамыр тұтынушылары; ксилофагтар – сүрек жегіштер; флеофагтар – ағаш қабығын тұтынушылар; лимфофагтар – өсімдік шырынын пайдаланушылар; филлофагтар – жапырақ жегіштер, антофагтар – өсімдік гүлін тұтынушылар; гименофагтар - өсімдіктің генеративті мүшелерін тұтынушылар; палинофантар (поллинофагтар) – тозаң тұтынушылар; нектарофагтар – нектар тұтынушылар; кафрофагтар – жеміс пен тұқым тұтынушылар болып жіктеледі. Далалық зерттеу барысында ксилофантар мен филлофагтарға көңіл бөлінді [2,3].

Орал қаласының кейбір ағаштарының дендрофаг қоңыздармен зақымдану дәрежесін анықтау өсімдікті көзбен қарау арқылы (100 өсімдіктен) 5 баллдық шкала бойынша есептелді [4].

Зерттеу жұмыстары 2022 жылдың көктем, жаз, күз айларында жүргізілді. Орал қаласы маңының жайылма ормандарының кейбір ағаштардың түрлері: терек, қайың, қарағаш, ақ тал және еменнің сабағында кездесетін дендрофагтар мен олардың тіршілік іздерін зерттеліп, өсімдіктің зақымдану нәтижесі анықталды және оның нәтижесі төмендегі 1 кестеге көрсетілген.

1 кесте

Орал қаласы маңындағы жайылма ормандарының кейбір жалпақ жапырақты ағаштарының ксилофагтар мен филлофагтармен зақымдану дәрежесін есепке алу

Өсімдік	Есепке алынған өсімдік саны	Зақымданған сабақ саны	Зақымдану сипаты	Зақымдану дәрежесі (балл бойынша)						
				10	11	22	33	44	55	
Терек	100	40	кейбір тоз қабаты ажыратылады және дендрофагтар табылды			+	++			
Қайың	100	28	ксилофаг, филлофаг, табылды Тіршілік іздері анықталды.		+	++				
Ақ тал	100	10	филлофагтар ауланды және тіршілік іздері анықталды.		+					
Қарағаш	100	35	ксилофаг, филлофагтар табылды және тіршілік іздері анықталды		+		++			
Емен	100	42	кейбір тоз қабаты ажыратылады және дендрофагтар табылды				++			

Өсімдіктің зақымдануы ағаштың жасына да байланысты. Зерттелген терек және емен ағаштарының басым бөлігі қарт ағаштар болды, сондықтан да дендрофагтар саны бойынша басымдылық көрсетті. Зақымдану дәрежесін сипаттасақ, емен, терек және қарағаш өсімдіктерінің дендрофагтармен зақымдару дәрежесі орташа, ал ең аз зақымдалған ағашты ақ тал болды. Зерттеу нысанындағы ағаштардың зақымдану дәрежесін анықтау және есепке алу барысы келесі суретте көрсетілген.



1 сурет. Орал қаласы маңындағы жайылма орман ағаштарының зақымдану дәрежесін анықтау барысындағы фотосуреттер

Зерттеу барысында ересек формалардан қарағанда олардың тіршілік іздері жиі байқалды. Ксилофаг бунақденелілердің ағаш сабағындағы кіру-шығу іздері түрліше болды, бұдан бұл жерде түрлі зиянкестердің болатыны анықталды.



2 сурет. Орал қаласы маңындағы жайылма орман ағаштарының зақымдану дәрежесін анықтау барысындағы фотосуреттер

Анықталған бунақденелілердің түрлерін анықтау ересек дара, дернәсіл, қуыршақ күйіндегі формада ауланып, зертханалық анықтаулар жүргізіліп, есепке алынды. Алайда зерттеу барысында анықталмай қалған түрлер де кездесті. Зерттелген ксилофаг мен филлофагтардың тардың түрлік құрамы, таксондық орналасуы мен кездесу жиілігі төмендегі 2-кестеде көрсетілген.

2кесте

Зерттеу барысында анықталған дендрофагтар және оның экологиялық топтары

Бунақденелілер класы – (<i>Insecta</i>)	Филлофаг	Ксилофаг
Қаттықанаттылар (<i>Coleoptera</i>) отряды		
Қанды дақты шыртылдақ қоңыз (<i>Ampedus sanguinolentus</i> L.)	+	++
Кәдімгі шел қабықжегіш қоңыз (<i>Scolytus scolustus</i>)		++
Еменнің шел қабықжегіші (<i>S. intricatus</i>)		++
Кәдімгі қара зер қоңызы (<i>Capnodis tenebrionis</i>)		++
Қызыл тегіс мұртты қоңыз (<i>Pyrrhidium sanguineum</i>)		++
Қайың зерқоңызы (<i>Scolytus ratzeburgi</i>)		+
Емен мұртты қоңызы (<i>Cerambyx cerdo</i> L.)		+
Теректің сұр мұртты қоңызы (<i>Xylotrechbus Rusticus</i>);	+++	

Жасыл бізтұмсық (<i>Chlorophanus viridis</i> L.)	++	
Қайың бізтұмсығы (<i>Phyllobius argentatus</i> L.)	++	
Иректі слоник жапырақжегіш (<i>Polydrosus undatus</i>)	+++	
Минирлеуші емен бізтұмсығы (<i>Rhynchaenus quercus</i>)	+	
Көмкерілген жапырақжегіш (<i>Chrysolina limbata</i> L.)	+	
Жиекті жапырақжегіш (<i>Chrysolina violasea</i> Mull.)		
Теңқанаттылар (<i>Homoptera</i>) отряды		
Үйіңкінің ұзынмұртты қалқанды бітәсі (<i>Periphyllus aceris</i> L.)	++	
Терек ағашының цикадасы (<i>Alebra albostriella</i> Fall.)	++	
Еменнің минирлеуші қиғышы (<i>Profenusa pygmaea Klug</i>)	+++	
Қабыршаққанаттылар (<i>Lepidoptera</i>) отряды		
Емен жасыл жапырақ ширатқышы (<i>Tortrix viridana</i> L.)	+++	
Күйе көбелек (<i>Acrocercops branguiardellum</i> F.)	++	++
Сасық иісі бұрғы көбелек (<i>Cossus cossus</i>)	++	
Терек ағаштескіш көбелегі (<i>Acossus terebra</i>)	++	

2022 жылдың наурыз-қазан айларында жүргізілген зерттеулер бойынша зерттеу нысаны дендрофагтарының түрлік құрамын анықтау барысында ауланған бунақденелілерге талдау жасалды. Зерттеу барысында қатқанаттылар немесе қоңыздар (*Coleoptera*), қабыршаққанаттылар (*Lepidoptera*), теріқанаттылар (*Dermaptera*), жарғаққанаттылар (*Hymenoptera*), жартылайқаттықанаттылар (*Hemiptera*). отрядтарының өкілдері табылды. Ең жиі кездескен отрядтарға *Coleoptera* отрядының он төрт түр анықталды. Оның он екі түрі ксилофаг, ал қалған екеуі зоофаг. Қабыршаққанаттылар (*Lepidoptera*) отрядынан төрт түр анықталды [5,6].

Зерттеу жұмысы барысында терек, емен, ақ тал, қайың, қараағаштан ауланған даралар түрлі даму кезеңдерінде болғандықтан анықтау жұмыстары біраз қиындықтар туды. Сәйкесінше, ауланған ксилофагтардың әртүрлі даму сатысы бойынша төмендегідей 4 кесте толтырылды.

4кесте

Орал қаласыжайылма ормандарындағы кейбір ағаштарында кездескен ксилофаг және филофагтарының түрлік құрамы мен олардың ауланған кездегі тіршілік формалары

Жәндік атауы	Саны				Тіршілік іздері
	Жұмыртқасы	Дернәсілі	Қуыршағы	Ересек жәндік	
Кәдімгі шел қабықжегіш қоңызы		+++		+++	+++
Еменнің шел қабықжегіші		++			++
Қызыл тегіс мұртты қоңыз			+	+++	+
Теректің сұр мұртты қоңызы		++	+		+

Егегіш қоңыз		+			+
Кәдімгі қара зер қоңызы	++	++			++
Қайың зерқоңызы		+			+++
Сасық иісі ағаштескіш көбелек		++	+++	+++	++
Терек ағаштескіш көбелегі		++	++	+	++
Сұр бүршік бізтұмсығы				+	
Жасыл бізтұмсық		+++		+++	+++
Қайың бізтұмсығы		+++		+++	+++
Иректі слоник жапырақжегіш		++		++	+
Минирлеуші емен бізтұмсығы		+		+++	+++
Көмкерілген жапырақжегіш		++		+++	+++
Жиекті жапырақжегіш		+		+++	+++
Үйіңкінің ұзынмұртты қалқанды бітәсі				+	
Терек ағашының цикадасы				+++	+++
Еменнің минирлеуші қиғышы		++		+++	+++
Емен жасыл жапырақ ширатқышы		+++		++	+++
Күйе көбелек		++		+++	+++

Зерттеліп анықталған түрлердің басым бөлігі дернәсілдік даму кезеңінде болды. Оның себебі алғашқы зерттеу сәуір айының екінші-үшінші декадасында болуымен байланысты. Жаз және күздің қыркүйек айында ересек формалар ауланды.

Ағаш бойында дендрофагтар ғана емес, олардың жұмыртқалары, дернәсілдерімен қоректенетін жыртқыш немесе жартылай жыртқыш зоофаг бунақденелілер ауланып анықталды. Олар жоғарыда көрсетілген қаттықанаттылар, теріқанаттылар, жартылай қаттықанаттылар, жарғаққанаттылар отрядтарының өкілдері. Есепке алынбаған түрлер де бар. Кейбір түрлер дернәсіл сатысында ауланды. Олар лабораториялық жағдайда зерттеліп, анықталды. Анықталған дернәсілдер қабықжегіштер, зерқоңыздар, ағаштескіштер, мұртты қоңыздар туыстарына тиесілі. Дернәсілдердің дене өлшемдері, жас ерекшеліктері, құрылымы өзгеше, алайда барлығына ортақ белгі ауыз аппараттары кеміршіш. Бір түрге жататын даралар дернәсілдерінің дене өлшемдерінің әртүрлі болуы жұмыртқадан шығу мерзіміне және қорек қорының жеткіліктілігіне байланысты [7].

Далалық зерттеу барысында ауланған ең жиі кездескен түрдің бірі кәдімгі шел қабықжегіш қоңыз - *Scolytus scolytus* (4-сурет).



4 сурет. Далалық зерттеу барысында ауланған кәдімгі шел қабықжегіш қоңызының (*Scolytus scolytus*) дернәсілдері мен имагосы

Ауланған нысандар бойынша түрдің даму сатысының көрінісі құрылды (5-сурет). Дернәсіл сатылары, қуыршағы, құндағы. Ересек формалары да ауланып толық суреттелді.



5 сурет. Зерттеу нысанынан ауланған түрі даму сатысындағы дендрофаг бунақденелілер

Орал қаласы маңының жайылмалы ормандарындағы ағаштар тіршілігі кезеңдерінде көптеген кері әсер ететін факторларға ұшырайды, солардың ішінде зиянкестер мен аурулар үлкен орын алады. Сондықтан орманды зиянды ағзалардан қорғау орман шаруашылығының өзекті мақсаттарының бірі болып табылады. Зиянкестермен қарсы күрес үшін олардың организмдерінің ерекшеліктерін білу, олардың өмір сүруін, зиянкестердің түрлерін ажырату маңызды болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысында зерттеу нысанындағы кейбір дендрофагтардың түрлік құрамын анықтауда және түрдің биологиясы мен экологиясын қарастыру барысында ғылыми әдебиеттермен жұмыстанылды және кейбір дендрофагтарының түрлік құрамы мен кездесу жиілігін анықтап, олардың таксондық орнына, зақымдау дәрежесіне талдау жасалды.

Әдебиеттер

1 Рябина Г., Ашикбаев Н. *Защита растений*. Астана: Фолиант. 2010. - 4-10, 17-27, 111, 114-116 б.

2 Мамаев Б.М. *Биология насекомых разрушителей древесины*. - М., 1977. - 213 с.

3 Фастулати К.К. *Полевое изучение наземных беспозвоночных*. Москва: «Высшая школа», 1971. - 184-186, 248-273 бб.

4 Мозолевская Е.Г., Селиховкин А.В., Ижевский С.С. и др. *Лесная энтомология: учебник для студ. высш. учеб. заведения* - Москва: Издательский центр «Академия», 2010. - 416 б.

5 Мамаев Б.М., Медведев Л.Н., Правдин Ф.Н. *Определитель насекомых европейской части СССР*. Москва: Просвещение. 1976

6 Мамаев Б.М. *Определитель насекомых по личинкам*. Москва: «Просвещение» 1972 310-340 б.

7 Костин И.А. *Жуки-дендрофаги Казахстана*. - Алма-Ата: Наука, 1973. - 280 с.

УДК 58.02

ТРАНСФОРМАЦИЯ ПОЙМЕННОЙ РАСТИТЕЛЬНОСТИ РЕКИ ЧАГАН В ПРЕДЕЛАХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аманбаев К.С. - магистр биологии, педагог-исследователь
комплекс школа ясли - детский сад Асан,
район Бәйтерек, Западно-Казахстанская область
E-mail: amambayev_17@mail.ru

В настоящее время при изучении биологического разнообразия приоритетным становится подход, основанный на изучении пойм рек как естественных природных выделов, которые характеризуются особым набором биотических и абиотических факторов, что обуславливает неповторимость флористического состава и специфичность растительных сообществ. Пойменные экосистемы достаточно широко распространены и вопросы их биологического разнообразия, естественной и антропогенной динамики представляют несомненный практический и научный интерес.

Ниже представлены результаты ботанического исследования растительного покрова поймы реки Чаган Западно-Казахстанской области.

Согласно геоботаническому районированию Е.М.Лавренко (1947,1970,1991) [1], бассейн реки Чаган относится к Евразийской степной области. Более точно – это часть Зауральско-Тургайской (Западно-Казахстанской) степной подпровинции. Зауральско-Тургайская степная подпровинция занимает обширную территорию от Заволжья и Ергеней до Тургайской столово-останцевой равнины и охватывает на подзоны средних и южных степей (Карамышева [2], Огуреева [3] и др., Сафронова [4]).

Наши исследования проходили с 2012 по 2014 гг, за этот период нами были заложены 3 эколого-геоботанических профиля в разных частях поймы реки Чаган. Рассмотрим профиль № 1, который был сделан в районе села Плодоовощной.

В правобережье поймы реки Чаган в прирусловой пойме произрастают тростниковые (*Phragmites communis*.L.) и сусаковые сообщества (*Butomus umbellatus*.L.) с мезофитным разнотравьем из *Potentilla bifurca*.L., *Achillea ptarmica*.L., и другие.

Центральную пойму занимают пырейные (*Agropyrum repens*.L.) и вейниковые (*Calamagrostis epigeios*.L.) в сочетании с солодково-вейниковыми (*Glycyrrhiza glabra* L., *Calamagrostis epigeios*.L.). Для средней части центральной поймы характерны лоховые (*Elaeagnus angustifolia* L.). Чилижно-полынные, солодково-мятликовые (*Poa pratensis*.L.) наиболее типичны для пониженной

части центральной поймы. Проективное покрытие таких луговых ценозов 80-90%. Это хорошо сохранившиеся луговые ценозы по всей пойме Чагана.

Повышенная часть центральной поймы занята амброзией (*Ambrosia artemisiifolia* L.). Судя по описаниям пойменной растительности наиболее хорошо сохранена правобережная пойма реки Чаган, чем левобережье. В прирусловой левобережной пойме нами отмечено: осоковое (*Carex melanostachya* L.) сообщество высотой 30-40 см, среди них произрастает дербенник прутьевидный (*Lythrum virgatum* L.), кроме того отмечена поросль тополя (*Populus alba* L.). Выше по склону произрастает белотопольник спорышевый (*Populus alba* L., *Polygonum aviculare* L.).

Выше прирусловой поймы расположено спорышевое сообщество (*Polygonum aviculare*), в травостое отмечены одуванчик лекарственный (*Taraxacum officinale*), лапчатка (*Potentilla bifurca*).

В центральной части поймы реки Чаган образуется староречье, длина которого 15,75 м., глубина 1,3 м., достаточно обширно в этой зоне распространено лебедовое (*Atriplex tatarica* L.) сообщество в сочетании с дурнишниково-костровой (*Xanthium strumarium* L., *Bromopsis inermis* L.), проективное покрытие 40-50%.

По длине центральной поймы более чем на 2 000 м. сформировано 28 сообществ. По днищу староречья произрастают осоковые и лебедовые ценозы в сочетании с сорно-костровым сообществом, среди которого появляется окопник (*Symphytum officinale* L.).

Староречье постепенно углубляется на 2,2 м., его склоны поросли сорно-осоковой растительностью, а днище дурнишниково-осоковой, в сочетании с полыньковым (*Artemisia austriaca* L.).

В травостое нами отмечены мезофиты, такие как клевер луговой (*Trifolium pratense* L.) и лапчатка вильчатая (*Potentilla bifurca* L.). Склон староречья занят татарниково-осоковым (*Onopordum tataricum* L., *Carex pralcox* L.), а плакор – осоковым сообществами. По-видимому, такие сообщества возникли из-за интенсивного выпаса домашнего скота. Ниже плакора староречье опять углубляется до 3 м глубины, его склоны заняты полынно-осоковым сообществом, проективное покрытие 50-60%.

В нижней части склона нами отмечены дурнишниково-пырейное (*Xanthium strumarium* L.-*Elytrigia repens* L.) сообщество в сочетании с чертополохом (*Carduus uncinatus* L.). Самые глубокие места заняты клубнекамышовыми (*Volboschoenus maritimus* L.), молочаевыми (*Euphorbia palustris* L.) сообществами, проективное покрытие 50-60%.

В их видовом составе нами отмечены щавель (*Rumex acetosella* L.), змееголовник (*Dracosephalum thymiflorum* L.), девясил британский (*Inula britannica* L.). Для северных склонов староречья характерны осоковые ценозы. По плакору староречья развиты чилижно-полынно-костровые (*Artemisia abrotanum* L., *Bromopsis inermis* L.) сообщества.

Южные склоны и днище заняты чилижно-полынным и пырейным сообществами. Северные склоны поросли осоково-пырейной растительностью. Наиболее выровненные места центральной поймы заняты чертополохово-костровыми и разнотравно-осоковыми ценозами, проективное покрытие 80-90% .

Таким образом, по длине центральной поймы более чем на 2 000 м. сформировано 28 сообществ. Из них собственно луговых, наиболее ценных сообществ, т.е. костровых, пырейных и осоковых, приходится 60,5 м., т.е. всего 3% поймы реки Чаган занято естественной растительностью, а остальная территория занята сорно-рудеральной растительностью.

Второй профиль был заложен в окрестностях с. Жамбыл, его длина от уреза воды до притеррасной поймы реки Чаган составил 85 метров.

Прирусловая пойма занята осоково-лебедовым (*Atriplexurbicum*L., *Carexpraesox*L.) сообществом.

В видовом составе преобладают распростертые виды, такие как спорыш (*Polygoniumaviculare*), одуванчик (*Taraxacumofficinale*), лапчатка (*Potentillabifurca*) и другие виды.

Доминирование распростертых видов свидетельствует об усиленном антропогенном факторе. Выше, ближе к центральной пойме нами отмечены дурнишниково-щетишниковое сообщество (*Xanthiumstrumarium*, *Setariaveridis*), состоящее из сорных видов конопли (*Cannabissativa*), крапивы (*Urticadioica*), пустырника (*Leonuruscardiaca*) и другие виды. Длина такого сообщества составляет 8 метров.

Центральная пойма занята спорышевым сообществом длиной 32 метра, возникшим в результате антропогенного воздействия и пожаров.

Татарниково-мелколепестниковое сообщество (*Erigonacer*, *опорordiumacanthium*) составляет 26 метров, в видовом составе доминирует татарник, высокобурьянистый сорняк высотой 1,5-2 метра. Ближе к притеррасной пойме нами отмечено шиповниково-полынное (*Artemisiaabrotanum*, *Rosacarina*) сообщество, размер которого составляет 13 метров. Здесь нами отмечены луговые виды: мышиный горошек (*Viciacracca*), костер (*Bromopsisinermis*) и другие виды. Лоховое (*Eleagnusangustifolia*) сообщество занимает притеррасную пойму. В видовом составе преобладают сорные виды, такие как пустырник, крапива, лапчатка. Проективное покрытие всех сообществ, учтенных нами, составляет 50-60%, истинное-20%.

Третий геоботанический профиль был заложен нами в окрестностях п. Новокирпичный, который расположен напротив парка им.Кирова от уреза воды до притеррасной поймы. Прирусловую пойму занимают полидоминантное сусаково-тростниковое (*Phragmitesaustralis*, *Butomusumbelatus*) сообщество, составляющее 3,5 метра. После него мы отметили пырейно-вейниковое (*Calamagrostisepigeios*, *Elytrygiarepens*) сообщество 4,5 метра длины.

В сообществе отмечены сорные виды, такие как лебеда Оше (*Atriplexaucheri*Мог. (*A. amblyostegia*Turcz.), ярутка полевая (*Thlaspiarvensis*L.), дурнишник обыкновенный (*Xanthiumstrumarium*L.) и другие виды. Всю центральную пойму занимает солодково-вейниковое (*Glycyrrhiza glabra*, *Calamagrostisepigeios*) сообщество, длиной 48 метров.

Среди сообщества встречаются крестовник обыкновенный (*Senecio vulgaris* L.), астра итальянская (ромашковая) (*Asteramellus*L.), чертополох колючий (*Carduusacanthoides*L.) и другие виды.

Притеррасную пойму занимает лоховое сообщество по видовому составу аналогичное второму эколого-геоботаническому профилю.

Таким образом, в районе п.Новокирпичный также отмечается трансформация пойменной растительности реки Чаган.Причиной этого является интенсивное антропогенное воздействие, которое происходит в ускоренных темпах и проявляется посредством индивидуального жилищного строительства и чрезмерного выпаса скота.

В результате проделанной работы по изучению пойменных экосистем реки Чаган в пределах Западно-Казахстанской области были сделаны следующие выводы:

1. Река Чаган подвержена антропогенному воздействию, так как она пересекает 8 населенных пунктов по территории Западно-Казахстанской области. Поэтому, на всех элементах поймы наблюдается трансформация растительности,

в частности, наличие достаточно большого числа распростертых, приземистых, высокобурьянистых и пришлых американских растений (клен, амброзия, дурнишник, мелколепестник), а также длиннокорневищных и корнеотпрысковых растений.

2. Необходимо в дальнейшем сохранить реку с интереснейшим флористическим составом и вести постоянный и длительный мониторинг с целью предупреждения интенсивного антропогенного воздействия на флору Чагана.

Литература

1 Лавренко Е.М. История флоры и растительности по данным современного распространения растений // Растительность СССР. Т.1. – Москва: Наука, 1938. – С. 235-296.

2 Карамышева З.В., Рачковская Е.И. Ботаническая география степной части Центрального Казахстана. – Ленинград: Искусство, 1973. – С. 92-105.

3 Огурева Г.Н., Сафронова И.Н., Юрковская Т.К. Карта «Зоны и типы пояности растительности России и сопредельных государств» - Москва: Просвещение, 1999. – С. 97.

4 Сафронова И.Н. Растительный покров степной части Предуральяского плато // Современные проблемы биогеографии. – 1980. – № 5. – С. 60-68.

5 Петренко А.З., Ли К.А., Дебело П.В. Природа Уральской области и ее охрана. – Уралск: УПИ, 1991. – С. 78-86.

6 Дарбаева Т.Е. Конспект флоры меловых ландшафтов северо-западного Казахстана. – Уралск: ЗКГУ, 2002. – С. 11-16.

ӘОЖ 573.4

ТЕРЕКТІ АУДАНЫ ҚАБЫЛТӨБЕ АУЫЛЫ МАҢЫНДАҒЫ АХМАДИ САЙЫ ӨСІМДІК ЖАБЫНЫНЫҢ МИКРОБЕЛДЕУЛІК ҚАТАРЫ

*Жамалиева Л.С. - аға оқытушы, экология магистрі
3 *Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2022-2023 учебном году»*. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2022. – 320 с.

ӘОЖ: 371.3:58

БИОЛОГИЯДАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ихласова Ж.М. – аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ,
E-mail: Ihlasova_zhanar@mail.ru

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту қорытындысында білім беру саласының ең негізгі талабы бұл - кең дүниетанымдық көзқарас, толық құзыреттілік, шығармашылық әрекетке бейім тұлға тәрбиелеу. Қоғамда білім саласындағы қызмет ететін адамдар, оның ішінде ұстаздар шығармашылықпен айналысатын бірден бір тұлға. Ғылымның әр саласындағы білімнің мазмұны мен

көлемі қазіргі ғылыми - техникалық прогресс кезінде, оқушылардың білімге және пәнге қызығушылықтарын арттырып, зертханалық – сарамандық іс - әрекеттерін дамытуда алар орны ерекше [1].

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның жарқын болашағы, сапалы білім – жетістікке жетудің жолы, әрі экономиканы дамытудың басты құралы, «жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» - деген пікірін негізге ала отырып, бүгінгі мектеп партасында отырған оқушыларға ғылыми білім беру оларды әлемдік мәдениет жетістіктерімен сусындату шығармашылық қабілетті, жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп қалыптастыру ұстаздарға жаңа талап қоятынын тілге тиек етеді [2].

Білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқыту мен тәрбиелеу, мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру, мектептердің қызметтерін жетілдіру үшін жағдай жасау. Демек, оқушылардың сабақ үстінде алған білімдері зертханалық және сарамандық жұмыстарды жүзеге асыруда дамып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйретеді, дағдыландырады. Бұл міндеттердің жүзеге асуы мектеп оқушыларының сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта зертханалық жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру жағдайына байланысты болары сөзсіз.

Оқу үдерісі жағдайында оқушылардың зертханалық және сарамандық жұмыстарды орындау қажеттігі, бұл мәселенің теориялық тұрғыда және ғылыми - әдістемелік жағынан қажетті құрал - жабдықтармен жабдықталуында. Мектептердегі оқытуды белсендіру мүмкіндіктерін ескеру арқылы бұл мәселені шешуге бағытталған негізгі өзіндік жұмыстарының мазмұнын жетілдіру зертханалық жұмыстар барысында жүзеге асырылады [3].

Б.П.Есипов [4] түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдіріп, оқушылар оқулық мәтінінен, қолданылатын көрнекіліктен және тәжірибелік жұмыстардан білім алады деді.

И.Н.Панкина [5] «Бір жүйемен оқыту - бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни, дамудың соңында жүрсе, жаңа заман талабына сай құрылғыларды қолданып оқыту - дамытуды өзімен бірге ала жүреді» – деген болатын.

К.М.Махмурян [6] пікірінше, оқушылардың сабақ барысындағы шығармашылық қабілеттері деп, зертханалық жұмыстың іс - әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі. Шығармашыл оқушы жаңашыл, ізденімпаз болады, алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында кездескен кедергілерді жеңе алады, сабақта үздіксіз ізденіп отырады.

Зертханалық жұмыстарды орындауда оқушы қабілеттерін дамыту жөнінде Б.Е.Райков [7] айтқан пікірлері өте құнды. Ол балалардың әр саладағы қабілеттерін айқындау, дамытуға қажетті, тиімді жағдай туғызуы және балалардың қабілеттерін, бейімділіктерін дамытатын дербес, өздігінен орындайтын шығармашылық тапсырма жүйесін құру, оны сабақта және сабақтан тыс жұмыстар арқылы да жүзеге асыруға болады дейді.

Р.Уайт [8] белгілі нәтижелерге жету үшін оқушылардың бойында төмендегі негізгі құндылықтарды зертханалық жұмыстар барысында қалыптастыруға болады деген:

1 Құндылықты - бағдарлы - жоғары әдептілік құндылықтар негізінде қоғамда өзінің рөлін таба білу біліктілігі, азаматтығы мен елжандылығы, өмірде түрлі жағдайда шешім қабылдайды.

2 Мәдениеттанымдық - мәдениет жетістері негізіндегі іс-әрекет тәжірибиесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық, әлеуметтік өмірдің

мәдениетін, этномәдениеттік құбылыстарды, ұлттық ерекшеліктерді тани білуге, бағалауға үйренеді.

3 Оқу-танымдық - оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық үдерісін қамтамасыз етеді. Білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлауға, ізденушілік - зерттеушілік дағдыларын игеруге, талдауға, қорытынды жасауға.

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критеріі ретінде зертханалық жұмыстарға мән беріп қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы. Осыған орай мына әдістерді зертханалық жұмыстарда қолданған тиімді болмақ, оларға: Мәтінді кодтау, Мәтін индексі, Блум таксономиясы, Ақылдың алты қалпағы, Графикалық журнал, Педагогикалық шеберхана, SWOT-талдау, Кластер әдістері, Ыстық орындық, РАФТ, Шахмат әдіс, Сұрақ ілмегі, Миға шабуыл т.б.

Сабақ кезінде оқушылардың маңызды зерттеушілік құзыреттіліктері, яғни біліктілігі мен машықтары қалыптасады.

Орта білім беруде биологиядан 7 сынып бойынша 12 тарау беріліп, оның ішінде 14 зертханалық жұмыс қарастырылған. Соның ішінде Тыныс алу, Бөліп шығару, Көбею. Өсу және даму тараулары бойынша: Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу, Өскін мысалында өсімдіктердің бөліп шығару ерекшелігін зерттеу, Өсімдіктердің вегетативті көбею тәсілдері және Жылдық сақина санау зертханалық жұмыстарына тәжірибелік – эксперимент қойылып, бақылау жүргізіледі.

8 сынып бойынша 14 тарау, оның ішінде Жасушалық биология, Тірі ағзалардың көптүрлілігі, Қоректену, Заттардың тасымалдануы, Тыныс алу, Қозғалыс және Биофизика, Координация және реттелу тараулары бойынша он төрт зертханалық жұмыс берілген. Әр тарауға сай зертханалық жұмыстардың өзіне тән тақырыбы, мақсаты, құрал-жабдықтары және жұмыс барысы жоспарланған.


9 сынып бойынша 8 зертханалық жұмыс бекітілген. Тірі ағзалардың көптүрлілігі биосфера және экожүйе бөлімінде: Анықтауыш арқылы өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау; Қоректену бөлімінде: Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың әсерін зерттеу; Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу; Заттар тасымалы бөлімінде: Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды зерттеу; Жапырақтарда органикалық заттардың түзілуі, Координация және реттелу бөлімінде: Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу; Қозғалыс бөлімінде: Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі қажу үдерісін зерттеу; Жасушалық цикл бөлімінде: Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу тақырыбындағы зертханалық жұмыстар қарастырылған.

7-8-9 сыныптардың оқу үдерісінде ұйымдастырылып жүргізілген зертханалық жұмыстар негізінде «Блум таксономиясы» бойынша оқушылардың ойлау дағдыларының деңгейін тексеру мақсатында тапсырмалар құрылды [9].

Тапсырмалар:

1 Заттардың тасымалыны анықтама беріп, жануарлардағы және өсімдіктердегі заттар тасымалы қалай жүретінін айтыңдар.

2 Берілген тамыр жүйесінің суретін қолдана отырып, санмен берілген тамыр бөліктерін анықтап, кестеге толтырыңдар (сур. 1).




Сурет 1. Кесте

3. «Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қан айналым жүйесінің эволюциясы» деген тақырыпқа шағын эссе жазыңдар.

4. Шартты рефлекс, Шартсыз, Инстинкт, Генетикалық тұрғыдан қаланған мінез-құлық деген түсініктердің айырмашылығын сипаттап, қандай түсініктер синоним болып табылатынын айтыңдар.

5. Жүйке ұлпасында негізгі екі: қозғыштық және өткізгіштік қызмет атқаратыны белгілі. Адам жүйкесі арқылы өтетін қозу жылдамдығы – 100-120 м/с, бақада – 26 м/с. Мұндай айырмашылықты себебін анықтап, адам мен жануардағы қозудың өту жылдамдығының маңызын талқылаңдар.

6. Суретте бейнеленіп тұрған табанды зерттеңіз (сур. 2). Жалпақтабандылыққа не әкеледі?



Сурет 2. Адамның табаны

7. Ең қозғалмалы, шамалы қозғалмалы буындарды атаңдар, мысал келтіріп түсіндіріңдер. «Буынның әртүрлі типтері» деген сызба құрыңдар.

8. Интерфаза кезінде болуы мүмкін «Мутациялық проблемалар» туралы реферат жазыңдар. Олар қай кезеңде жүруі мүмкін екенін анықтаңдар.

Оқушылардың ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес алынған тапсырмалар сыныптар бойынша жүргізілген зертханалық жұмыстар барысында оқушылардың меңгерген білім, білік, дағды деңгейлерін анықтауда оң нәтижесін көрсетті.

Әдебиеттер

1 Әбиева Ф.Б. Педагогика мәселелері: Ғылыми-теориялық журнал. - Алматы, 2022. - 21б.

2 Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы», Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2022ж. 16 наурыз.

3 Усманов Ә.Ә., Сарсенбаева М.Б. Педагогика дәрістер жинағы.- Алматы, 2005.

4 Данилов М.А., Есипов Б.П. Дидактика, 2002. - 45бет.

5 Панкина И.Н. Молодому учителю биологии. – Уральск, 2001. - 56с.

6 Махмуриян.К.М. Обновление методического обеспечения учебного процесса в условиях информатизации образования. – Омск, 2002. – С. 20-30.

7 Райков Б.Е. Методика практических занятий по прироведению. – Москва, 2000. – С.10-11.

8 Р.Уайт. Кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. - Астана, 2001. - 275б.

9 Сабыров Т.С «Оқыту теориясының негіздері», - Алматы, 2018. Б.45-47.

ӘОК 502.37

ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ - БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

Кайсағалиева Г.С. – б.э.к.,

Хатимуллина А.Т. – 2-курс магистранты

khatimullina.o7@gmail.com

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Ғылым – тынымсыз ізденіс пен сапалы зерттеудің арқасында шыңға өрлейтін жаңалықтар мекені. Мектеп табалдырығынан бастап, үлкен ғылыми орталықтарындағы қарастырылатын білімге дейін нақты ғылым негізінде дәлелденген деректерді қажет етеді. Оқу – зерттеу процесінің ажырамас бөлігі, оны айналып өте алмайсыз. Неліктен? Себебі білімсіз адам сауатты зерттеу жүргізе алмайды. Оқыған кезде білім кемесіне мінуді мақсат етсеңіз, аз не көп білгеніңіз маңызды емес. Маңыздысы – білімді жетілдіру, дәл қазір тұрған жеріңізден алға ұмтылу, жаңа деңгейге көтерілу. Зерттеу жүргізу сәл өзгешелеу. Зерттеу жұмысын бастағанда білім өндіруге ұмтыласыз, оны басқалар қабылдап, керегін алады деп сол мақсатпен жұмыстанасыз. Жаңа білім өндіру бұрынғы білімге түбегейлі тәуелді. Білім сатылап қалыптасады, бұрынғы біліммен таныс емес зерттеуші, жаңа білімді қалыптастыра да алмайды.

Қазіргі таңда жаратылыстану ғылымдарының, соның ішінде биоэкологиялық білім беру кезінде ақпараттардың, ресурстардың көпшілігі нақты негізделген, дәлелденген зерттеу жобаларының аясында түсіндірілуін қажет етеді. Осы орайда орта мектеп оқушылары мен ЖОО студенттерін биоэкологиялық ілімге қызықтырып, жаңашылдық пен ғылым арнасына салуда – оқу - зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларға тартып, дұрыс бағыт-бағдар беру шарт. Сол себепті биоэкологиялық білім беру негізі ретінде оқу - зерттеу жобалары мен ғылыми жұмыстардың педагогикалық маңызын ескере отырып, жаңа жүйемен байланыстырып жүйелеп, жобаның жазылу, орындалу шарттарын нақтылап жеткізу – биоэкологиялық сапалы білім берудің бастауы.

«Әлемдегі терең сыр, ғылыммен ғана ашылмақ» деп С.Торайғыров айтпақшы қазіргі мүмкіндіктер, жаңалықтар заманында ғылымға, зерттеу жобаларына қызығатын жастар саны артуда. Биологиялық ашылулар әлі де жалғасын табуда, экологияның тылсым жағдайлары күнде зерттелуде. Биология пәнін оқитын орта мектеп оқушыларына жүргізген зерттеуімде оқушылардың басым бөлігі биология және экология, қоршаған орта бағытында зерттеу жұмыстарымен айналысқандары келетіні байқалды. Зерттеу жүргізу – әрекет арқылы үйрену цикліне араласу. «Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» деп Питер Клай айтқандай, осы орайда зерттеу ғылыми жобаларымен айналысудың реттілігін бағыттаса, әр оқушының таңдаған

бағыты бойынша түсінік қалыптастырылса – биоэкологиялық білім өзінен-өзі қалыптасары сөзсіз. Ғылыми зерттеу жұмыстары баланың алдымен білуге деген құштарлығын, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттерін оятады. Зерттеушілік, ізденушілік- бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Дарынды балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарылығы мен қоршаған ортаға деген құштарлығының басымдығын білдіреді. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабымен қанағаттандыруға ықпал етеді. “...Қазіргі таңда оқушылардың білім деңгейлері мектеп бағдарламасымен шектелмей, оқушы жан-жақты жаңа технологияны меңгерген, жаңа заман талабына сай адам болуына міндеттелген...” деп «Қазақстан 2050» стратегиясында да бекер айтылмаса керек.

Биоэкологиялық білім берудің негізгі мақсаты – практика жүзінде түсіндіру, үйрету. Іс жүзінде жұмыстанып, көріп, зерттеу арқылы – білімнің бастауы санаға құйылады. Бірақ соңғы уақытта бүкіләлемдік пандемияға орай бұл процес тоқтап қалған болатын. Себебі заманға сай барлығы онлайн режимде ұйымдастырылып, практика жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмай қалды. Теориялық ақпараттар алмасу үшін ұтымды болғанымен, орындалу жүйесі іс жүзінде орын алғаны барлығы үшін тәжірибе болады. Қайта қалыптасу үрдісі жүріп жатқанымен, көп жобалар қашықтан тәжірибе алмасу арқылы қалып жатыр. Сабақтан тыс оқушылармен көптеген зерттеу жұмыстарын өткізуді жаңартылған білім беру жүйесіне қосуды құптар едім. Ғылыми жобалармен жұмыс мектептерде жүргізіледі, дегенмен қарқынды түрде қолға алынып, оқу процесіне міндеттеліп еңгізілсе, қай саладан болса да оқушылардың ғылымға деген қызығушылығы артар еді. Ғылыми-зерттеу жұмысы әр баланың мүмкіндіктерін ашуға, оның шығармашылық белсенділігін дамытуға және биологияны зерттеуге ынталандырудың өсуіне жағдай жасайды. Ғылыми зерттеудің басталу процесі кезең-кезеңмен, жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп оқушыларының барлық компоненттерін мақсатты түрде қалыптастыру, ойлау қабілеті мен дағдыларының барлық компоненттерін мақсатты түрде қалыптастыру керектігін ескеру де қажет.

Орта мектепте оқу-зерттеу жобаларымен айналысу процесінің негізгі іргетасы қаланған оқушыда жоғары оқу орнына келген кезде бұл нәрсе ол үшін жаңалық болмай, ғылым баспалдағын нық бастайды. Жоғары оқу орыны - ғылыммен, оқу-зерттеу жұмыстарымен айналысатын нағыз мүмкіндіктер ордасы. Жаңа ашылулар мен болашақ ғалымдар осы ордадан қалыптасып шығады. Еліміздегі зерттеулердің көп бөлігі жоғары оқу орындарында орындалады. Сол себепті бойында болашақ ғалымның қасиеті байқалатын студент болса – қос қолмен ұстап, оның талантын одан әрі ұштап, оқу – зерттеу жобаларымен айналысуға мүмкіндік жасау керек. Осы мақсатта жоғарғы мектептің негізгі ғылыми ошағын құрайтын - профессорлық – оқытушылар құрамы бұл жұмысқа міндетті түрде шақырылады. Жоғары оқу орынында жүргізілген оқу – зерттеу жобаларының тиімділігі – ғалымдар мен білікті мамандардың қатысуы арқылы – сапалы жұмыстың орындалуы. Оқу – зерттеу жобаларымен айналысудың келесідей сатысын реттеп қарастыруға болады:

1. Тандалған тақырыптың өзектілігі, маңыздылығы, бұрын зерттелмегендігі;
2. Нақты мақсаттың болуы;
3. Зерттеу затын анықтау;
4. Зерттеу жүргізудің әдісін таңдау;
5. Зерттеу процесін суреттеу, дәлелдер келтіру;
6. Зерттеу қорытындысын талқылау;

7. Қорытынды дайындау және алынған нәтижені бағалау.

Дайын жобаның соңғы сатысы – арнайы конференцияларда немесе отырыста, ғылыми кеңестерде қорғалып, бағаланады.

Жаратылыстану ғылымдарында зерттеу жобалары мен ғылыми жұмыстармен айналысу өте қызықты да жан-жақтылықты қалыптастыратын жұмыс. Әрі қазіргі қоғам үшін керекті де пайдалы жаңалықтар ашылатын ғылым саласы. Биология және экология салалары бойынша ғылыми білімді қалыптастыруда – осы бағыттар бойынша оқу – зерттеу жобаларына тартуда оқушылар мен студенттердің қабілетіне қарап, жоба әзірлеу сатысымен жоспарлы жұмыс жасау маңызды. Оқу – зерттеу жобаларының жаңалық ретінде еліміз үшін, тіпті әлем үшін маңызы болатынын дұрыс жеткізе алсақ – оқушы да, студент те ғылымға ерекше бет бұрар еді мүмкін... Биоэкологиялық жаңалық ашуда оқу – зерттеу жұмыстарының сапалы әрі сауатты орындалуы шарт. Жұмыстың мақсаты мен міндетін дұрыс таңдаған оқушы мен студент – нәтижелі қорытындыға қол жеткізеді. Өз болашағымыздың жарқын да жаңа ашылуларға толы болуы үшін – мектеп қабырғасынан бастап оқушыны ғылымға, сауаттылыққа баулу қажет деп есептеймін. Ғылымға құштар студент атанып, сапалы ғалымға айналары сөзсіз. Еліміздің ашылмаған қырлары мен сырлары өте көп. Сол себепті жаңалыққа жақын ғалымдарды бірге тәрбиелейік.

Әдебиеттер

1 «Ғылым мен білімнің қазіргі мәселелері» пәнінің оқу-әдістемелік кешені: 550 000 «Педагогикалық білім» (магистратура) бағыты бойынша. - Б.: 2015.- 130 б.

2 Зина О'Лири Зерттеу жобасын жүргізу: Негізгі нұсқаулық

3 «Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научнопрактической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: «Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.IV. - Б. 112-115

4 Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.

5 <https://stud.kz/referat/show/60351>

УДК: 612

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ТАМАҚТАНУ МӘЗІРІН ҚҰРУ

Кабаева С.М., Құрмекеш Ә.Д.-

*Биология және экология кафедрасының оқытушылары, магистр
Усиев Е.Т. - Биология және экология кафедрасының аға оқытушысы,
а.ш.ғ.к., доценті*

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Тамақтану тәртібінің дұрыстығын бағалау.Тамақ ішу тәртібі тиімді тамақтанудың маңызды бір бөлігі. Тамақ ішу тәртібіне күнделікті адам неше рет тамақ ішу керектігі, тамақ ішу арасындағы уақыт, тамақ ішу мезгілі, тағамдардың калориясы бойынша әр мезгілге бөлінуі жатады. Ең тиімдісі күніне 4 мезгіл тамақтану. Ал жұмыс жағдайында және оқу кезінде күніне 3 рет тамақтануға да болады. Дастархан басына тамақ ішуге күн сайын үнемі бір мезгілде отырудың

маңызы зор. Таңертеңгі немесе түскі астың уақытын өткізіп жіберуге, олардың орнын кейін толтырамын деуге болмайды. Тамақты кеңірдектен шығара тойып ішуге, асығыс ішуге де болмайды. Тамақ ішу тәртібі бұзылған жағдайда адам ағзасында әр түрлі ішек-асқазан аурулары пайда болады. Сонымен қатар әр тамақ ішу сәті 20-30 минуттан кем болмауы керек. Тағамды өте жай, асықпай шайнау керек. Ауыздағы тағам сілекеймен толық араласып болғанша шайнау керек. Әр тамақ ішу мезгілі арасындағы уақыт 5 сағаттан аспау керек. Тағамды белгілі бір уақытта ішудің өте маңызы зор. Асқорыту органдары белгілі бір уақытта тағам қабылдауға дайын болады. Асқазанда асқорыту сөлі бөлінеді.

Күніне 4 рет тамақтанған кезде тағамның калориясына қарай төмендегідей бөлінеді:

1 таңертеңгі ас - 18 % 2 таңертеңгі ас - 12 % түскі ас - 45 % кешкі ас - 25 % немесе, таңертеңгі ас - 25 % түскі ас - 40 % түстен кейінгі ас - 10 % кешкі ас - 25 % Ал егер күніне 3 рет тамақтану болса: таңертеңгі ас - 30 % түскі ас - 45 % кешкі ас - 25 %

Бірақ, қандай да болмасын тамақ ішу тәртібінде соңғы тамақ ішу мезгілі мен ұйықтау арасында 2,5 - 3 сағат болуы керек, өйткені асқорыту жүйесі де бір мезгіл демалуы керек. Сөл бөлетін мүшелердің тынымсыз жұмыс істеуі олардың сөлінің құрамының нашарлауына және дұрыс бөлінбеуіне себеп болады. Ас қорыту бездерінің дұрыс жұмыс жасауы үшін, олар тәулігіне 8-10 сағат тунгі уақытта демалуы тиіс.

Қазіргі кездегі жастардың тамақтану тәртібі бұзылып бара жатыр. Оған себеп бұқаралық ақпарат көздерінің көп болуы яғни студенттер тез әрі ойын зейінін тамаққа емес әр түрлі желілердегі

(кино, қызықты көріністерге, ойын түрлерін қарап) тамаққа деген тәбеті қашып бала тез тойып тамақты да асығыс ішеді.

Тамақтану - ағзаның қуат шығынының орнын толтыруға, тіндер құрылуына және жаңартылуына және қызметтерін реттеп отыруға қажетті, ағзаға түсетін заттардың қорытылу, сіңу және сіңірілу үрдістері. ағзаның өмір сүруге, денсаулықты және жұмысқа қабілеттілікті сақтауға қажет нәрлі заттарды (ақуыз, май, көміртегі, дәрумендер, минералды тұздар) бойға сіңіру процесі.

Егде жастағы адамдар

70 жастан асқан адамдар күніне 8 немесе одан көп стакан су ішуі керек. Себебі, адам организмінде су жетіспеушілігі болады. Сондықтан дене құрғайды, қан қысымы көтеріледі. Организмдегі зат алмасу процесін және қан айналымды реттеу үшін осынша мөлшерде су ішуі керек.

Жас өспірімдер

Жас өспірім балдарда ағзалары жаңадан қалыптасып келе жатқандықтан зат алмасу жақсы жүру үшін, ішкі ағзалары дұрыс жұмыс істеу үшін, денсаулықтарны сақтау үшін тамақтану пирамидасын ұсынар едім.

Тамақтану режимі мыналарды қамтиды: тамақты қабылдау мерзімділігі, тамақ қабылдау аралығындағы үзіліс, тәуліктік рационға кіретін калорияны бөлу. Төрт мезгіл тамақтану анағұрлым тиімді болып табылады, өйткені асқазанға күш біркелкі түсіп, тамақ шырындарының тағамды толық өңдеп шығуын қамтамасыз етеді. Тамақты күн сайын белгілі бір мезгілде қабылдау асқазан сөлін неғұрлым шұғыл бөлу рефлексін қалыптастырады. Төрт мезгіл тамақтану кезінде тәуліктік рационды бөлу күн тәртібіне және әдеттенуіне байланысты істеледі. Рационды мынадай тәртіппен бөлу анағұрлым тиімді болатын сияқты: таңертеңгі асқа 25%, түстікке 15%, кешкі тамаққа 40%. Ақырғы тамақ қабылдау ұйқыға дейін 2 сағат бұрын болуы тиіс. Түнгі сменада жұмыс істеген кезде кешкі ас күндік рационның 30% болуы тиіс, сонымен қатар тамақты түнгі сменаның екінші жартысына қабылдау көзделеді.

Тамақтану адамның қалыпты тіршілік қызметі мен дамуы үшін қажет. Сапасыз немесе жеткіліксіз тамақтану организмнің тіршілік қызметін бұзуы мүмкін қызметі өсудің кешеуілдеуі, жұмысқа қабілеттілігінің нашарлау түрлі ауруларға деген қарсылығының кемуі, қоршаған ортаның зиянды әсерлері алдындағы ағзаның төзімділігінің төмендеуі. Тиімді тамақтану екі негізгі міндет атқару тиіс:

Ол баланың туған сәтінен бастап, оның қалыпты өсуі және дамуы үшін қажетті құрылыс материалдары мен ағзаны қамтамасыз етуі керек. Бұлар негізінен ақуыз, май, минералдық заттар.

Тамақтану ағзаның энергиялық шығынын толтыруға керекті оның тіршілік әрекетін қамтамасыз ететіндей қоректік заттар жеткізіп тұруы керек олар көмірсулар, майлар және ішінара ақуыздар.

Қорытынды

Әр жеке тұлға өз денсаулығын ойлап дұрыс әрі тиімді түрде тамақтану гигиенасын сақтауы тиіс. Себебі, тамаққа деген сүйіспеншіліктен тұрады. Шынайы сүйіспеншілік жоқ шығар деп Бернар Шоу айтып кеткендей шыныменде барлығымыз тамақтануды жақсы көреміз. Дегенмен де сол тамақтануды дұрыс тамақтануға айналдырайық.

Балабақшадағы балалардың тамақтану мәзірі балалардың тамақтануын балабақшада белгілі бір тәртіппен қадағалайды (сурет 1). Балабақшада балалар күнделікті мерзіммен тамақтанады. Ал жас өспірімдік шақ студенттік кезеңде тамақтану тәртібі бұзылатыны шарт, себебі студент кездерінде бой жеткен студенттер «мен» «өзім», деген ұғыммен жүріп тағамның құндылығына құрамына емес өзінің еркіне байланысты тез әрі құнары төмен өнімдерді тұтынып жатады. Бұл астың дұрыс қорытылмай асқазан жолдарының ауруларына әкеліп соқтырып жатады.

1-мысал	2-мысал
<p>Таңғы ас: буға пісірілген фрикаделькалар, жарма, шай. Екінші таңғы ас: бірнеше кептірілген жемістер, алма. Түскі ас: көкөніс сорпасы, майсыз ет нан, жеміс компоты. Түстен кейінгі тағамдар: крекер (толтырғышсыз, өзіңіз дайындаған), итмұрын сусыны. Кешкі ас: қызылша котлеттері, шай, печенье</p>	<p>Бірінші таңғы ас: қаймақ пен аздап бал қосылған майы аз сүзбе, судағы немесе сүттегі сұлы жармасы (мүмкіндігінше 50/50), шай. Екінші таңғы ас: пісірілген алма (бал қосуға болады). Түскі ас: өсімдік майындағы аралас көкөніс сорпасы (зәйтүн немесе күнбағыс), сүт соусында пісірілген тауық еті, пісірілген күріш. Кептірілген жемістерден жасалған компот. Түстен кейінгі тағамдар: жабайы раушанның қайнатпасы. Кешкі ас: көкөніс сорпасында ақ соусы бар пісірілген балық. Картоп пюресі, сүзбе қосылған ірімшік ватрушка, шай.</p>

Сурет 1. Балабақшаға арналған ас мәзірі



Сурет 2. Жас кезеңдеріне байланысты ағзадағы каллорияның мөлшері

Тамақтану мөлшері астың қуаттылығына негізделеді. Бірақ тіршілік үшін бұл жеткіліксіз. Организмнің тіршілігін толық қамтамасыз етуге белок, май, көмірсу, су, витаминдер және минерал тұздары міндетті түрде жеткілікті мөлшерде болу керек.

Әдебиет

1. Неменко Б.А. Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы(Оқулық).- Алматы 2002.344б.
2. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, 2004.,
3. www.bonduelle.kz
4. Тағам гигиенасы (29-32бет)
5. <http://salauattanu.ucoz.net>

УДК 371.3

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бигазиева Р.М.

Орал қаласы, Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп лицейінің химия пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа

Бүкіл әлемдегі жаратылыстану ғылымдары қиын кезеңдерді бастан өткеруде. Химиялық білімнің, оның ішінде мектептің мазмұны қоғамның мүдделері мен оның ғылымға деген көзқарасымен анықталады. Сонымен, оқыту кезіндегі мәселелерді шешу, химияның тартымды әлеуметтік имиджін құру-мектептегі білім берудің басты міндеттерінің бірі, оның қазіргі жағдайы мақалада талқыланады. Осылайша бұл мақаланың мақсаты-химияны оқытудың өзекті мәселелерін зерттеу. Мақаланың нысаны-оқыту әдістемесі.

Кілт сөздер: химия, білім беру, оқытудың тиімділігі, мәселелері, әдістері.

Бүгінгі таңда химиялық білім берудің міндеті - оқушыларға заттардың қасиеттері мен олардың қосылыстары туралы сауатты түсінік беру. Бұдан былай тек қана теориялық химияны жүргізу мүмкін емес, яғни қазіргі білім беру

бағдарламасының елеулі кемшіліктері бар. Соңғы жылдары білім беруде көптеген жаңа мәселелер пайда болды. Білім беруді қайта құру бойынша кең шараларды бастамас бұрын, тыныш және мұқият зерттеулер жүргізу, мұғалімдерді әдістемелік қамтамасыз етуді дайындау және жалпы жүйенің ерекшелігін ескеру қажет. Білім беру саласына өзгертулер енгізу тек ақша құюмен шектелмейтінін түсіну керек. Жақсы есептелген және ғылыми негізделген тұжырымдамалық ережелерсіз, жаңа нәрсе қабылданбайды. Сондықтан университеттерге түсушілерге арналған бағдарламаларда мақұлданған ғылыми-әдістемелік идеяларды біріктіретін жаңа бағдарлама құру қажет. Осылайша, химияны сапалы игерудің негізгі мәселесі - нақты материалдың үлкен көлемі мен білім беру стандартының қатаң ережелері арасындағы қайшылық. Пәнді өз бетінше оқу үшін көп сағат қарастырылған. Сонымен қатар, әр оқушы өзін-өзі ұйымдастыра алмайды, ұсынылған материалды дәйекті және тәртіпті зерттей алмайды. Химия, бір жағынан, энциклопедиялық ғылым, екінші жағынан, көрнекі және практикалық түсіндіруді қажет етеді [1]. Іс жүзінде бірде-бір оқушы өздігінен оқи алмайды, тіпті үйде тәжірибе жасай алмайды. Толыққанды оқулықтардың болмауы да химияны оқыту мәселелерінің бірі болып табылады. Жаңадан шығарылған әрбір оқулық химия курсының жұмыс бағдарламасына назар аударады, онда мұғаліммен қарым-қатынас уақыты қысқарады. Нәтижесінде пәннің мәнін түсіну үшін қажетті материалдың көлемі азаяды, сипатталған құбылыстардың логикасы мен байланысы жоғалады. Бірақ ғаламтор ғасырында мұғалім оқушыларға ұсынуға болатын кез-келген тақырып бойынша лайықты материалды жасау қиынғасоқпайды. Сағаттардың үнемі қысқаруына байланысты бұл сандық материал ең жақсы жағдайда тезистерге айналады, яғни олар оқушыларға егжей-тегжейлі түсіндірусіз игерілмейді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, химияны оқытудағы негізгі мәселелерді сұрақтар негізінде құруға болады (кесте 1).

Кесте 1.

Химияны оқыту әдістемесінің негізгі мәселелері

№	Сұрақтар	Химияны оқыту әдістемесінің мәселелері
1	Не үшін керек?	Оқушыларды пәнге оқытуда мұғалімнің алдында тұрған мақсаттарды анықтау
2	Нені оқыту керек?	Қойылған мақсаттар мен дидактикалық талаптарға сәйкес химия пәнінің мазмұнын анықтау
3	Оқушылар қалай оқиды?	Оқушылардың пәнді меңгеру процесін зерттеу
4	Қалай оқыту керек?	Оқу мақсаттарына, оқу мазмұнына және оқушылардың пәнді игеру процесіне сәйкес оқыту әдістерін, формаларын әзірлеу

Осылайша химия - бұл ең алдымен тәжірибелік ғылым. Қазіргі орта мектеп материалдық ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты үнемі «қағаз» химиясына ауысады. Жақсы оқушы коэффициенттерді күрделі теңдеуге қалай қою керектігін білетін жағдайлар жиі кездеседі, бірақ реакция компоненттерінің көрінісі туралы түсінік жоқ, тіпті олардың қатты немесе сұйық екенін білмейді [2]. Химияны оқыту демонстрациялық және оқушылардың өздері өткізетін көптеген тәжірибелерді қамтуы керек. Ол үшін реактивтер мен жабдықтардың жетіспеушілігінсіз, жақсы ойластырылған қауіпсіздік техникасымен, білікті зертханашылармен және оқытушылар құрамымен жақсы ұйымдастырылған

химия зертханалары қажет. Оқушылардың химияға қатынасын, химиялық білімді практикада қолдану қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін өлшеу құралдары жасалмаған. Нәтижесінде химия мұғалімдері білім беру процесін пәндік нәтижелерге қол жеткізуге бағыттайды, оларға ең қысқа жолмен қол жеткізуге тырысады, кейде маңызды әдістемелік және педагогикалық қателіктерге жол береді. Әрбір мектепте ең аз қажетті жабдықтар мен реактивтер жиынтығы бар химия кабинеті болуы тиіс. Бұл жағдайды түзету үшін зертханалық сабақтардың санын көбейту және оқу химиялық зертханаларының (кабинеттердің) жабдықталуын күрт жақсарту қажет. Бұл мәселені шешу үшін мектеп зертханаларын жабдықтауға арналған арнайы бағдарламаларды жасайтын отандық өнеркәсіптің қызметтерін пайдалану қажет. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру оң нәтиже береді: оларда білімнің қарапайым жинақталуы емес, ғылыми ойлау қалыптасады. Зерттеу қызметі жеке ерекшеліктер мен бейімділіктерді ескере отырып, тәуелсіз шығармашылық қызметте оқушының ақыл-ойын дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу жұмысы оқушылар үшін керемет қызмет саласы болып табылады, оның барысында практикалық маңызды міндеттер шешіледі. Әлемге химиялық көзқарасты дамыту үшін курста сыныптағы оқушылар алған қарапайым химиялық білім мен күнделікті өмірде белгілі, бірақ бұған дейін олар тек тұрмыстық деңгейде қабылдаған объектілердің қасиеттері арасында кең байланыс бар. Айта кету керек, егер мәселелерді шешу дағдылары мен химия әдістемесінің теориялық негіздерін практикада және семинарларда қарастыруға болатын болса, онда демонстрациялық эксперименттерді дұрыс жүргізу, эксперименттік есептерді шешу зертханалық және практикалық сабақтарда қалыптасуы керек.

Тағы бір мәселе мектептегі химиялық білімнің логикалық құрылымымен және теориялық мазмұнымен байланысты. Қазіргі химияның теориялық модельдері, құрылымы мен терминологиясы тез дамып, күрделене түсуде. Негізінде, оқушыларға кез-келген химиялық ұғымдарды түсіндіруге болады, мысалы, электронның қос табиғаты, реакцияның элементар кезеңі немесе сутегі көрсеткіші, бірақ сонымен бірге түсіндірулер ғылыми негізделген болуы керек. Соңғы жылдары мектеп бағдарламалары мен оқулықтардың ғылыми деңгейі біршама өсті, бірақ ешкім теориялық химияны нақты және оңай ұсынуға қол жеткізе алмады. Бүгінгі таңда оқыту әдістемесі мұғалімге оқушыны қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал оқушы үшін танымдық мәселелерді сәтті шешуге ғана емес, сонымен қатар әмбебап сипатқа ие, яғни бір танымдық аймақтан екіншісіне ауысуға болатын ойлау әдістері маңызды [3]. Осы мәселелерді шешу үшін Қазақстанда химиялық білім беруді дамытуда дәстүрлерді сақтауға бағытталған оң қызметтің негізгі бағыттарын тұжырымдауға болады:

- химия бойынша жаңа мектеп бағдарламасын құру;
- бағдарлама бойынша оқулықтардың жаңа жинағын жасау;
- отандық өнеркәсіп негізінде әр мектепте эксперименттік химиялық базаны дамыту;
- университеттерге түсушілер үшін химия бойынша бірыңғай базалық бағдарлама құру.

Осы бағыттардың әрқайсысы әртүрлі танымдық стратегияларды қолдана отырып орындалуы мүмкін. Білім беру жүйесі өте инерциялық, көптеген факторлар мен жағдайларға қатты әсер. Әрбір әрекетті бірнеше рет тексеру қажет. Сонымен, оқыту әдістері, формалары мен құралдары олардың танымдық іс-әрекетінің сипаттамаларына сүйене отырып таңдалуы керек [4]. Ал танымдық стратегиялар өз құрылымында екі компонентті қамтиды: ақыл-ой операцияларын орындау әдістері (микро-стратегия) және танымдық іс-әрекетті өзін-өзі

ұйымдастыру әдісі (макростратегия). Сондай-ақ, аралас оқыту моделін таңдау кезінде оқушылардың келесі негіздерін ескеру қажет:

- компьютерлік сауаттылықтың негізгі деңгейіне және ақпараттық ортада жұмыс істеу дағдысының болуы;
- оқуға немесе, кем дегенде, баға алуға уәждеделген болса;
- күндізгі оқу нысанын сүйемелдейтін электрондық қолдау курстарының болуы [5].

Химияны оқыту модельдерін оқу процесіне енгізуден оң нәтиже алу үшін басқару процестерінде айтарлықтай түзету қажет. Оқушылардың білімі мен дағдылары химияны оқыту тәжірибесінде бақыланады, сондықтан оқыту кезінде көп көңіл бөлінеді. Сондай-ақ оқушылардың танымдық қызығушылықтары, олардың зияткерлік қабілеттері бағаланбайды. Айта кету керек, маңызды сәт – оқытуды бастауға дайындық процестерінің жиынтығын үйлестіру және білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асыру.

Осылайша, оқушылардың танымдық стратегияларын зерттеу жағдайлардың көпшілігінде сәтсіздіктердің себептері тән және әдетте жалпы әдістемелік қателіктермен байланысты деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондықтан келесі мәселелерді мәндетті шешу қажет:

- бастауыш химия курсының қате құрылымы;
- сабақтың мазмұнды және ақпараттық жүктемесі;
- оқушылардың негізгі химиялық ұғымдарды түсінуінің болмауы;
- химиялық қасиеттерді емес, теңдеулерді жаттау.

Өйткені, химия-бұл классикалық ғылым емес, онда физика сияқты, бірқатар заңдарды біліп, объектінің мінез-құлқын түсіндіріп, есепке салу немесе болжау мүмкін емес. Логикалық тұрғыдан нашар байланыстырылған материалдың көптігі мектеп оқушыларының, содан кейін студенттердің химия сабақтарына деген дәстүрлі ұнатпауының себебі болып табылады. Оқыту қосылыстардың нақты қасиеттерін есте сақтауға, эксперимент жүргізуге негізделуі тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Думин А.С. *Проблемы при преподавании*. - М.: Просвещение, 2018. - 147.
- 2 Даупбаев Ә.А. *Химия пәнін оқыту негіздері // Молодой ученый*. - 2019. - 8(67). – 56-60.
- 3 Орынбеков Б.Н. *Шағын жинақты мектептерде химияны оқытудың қиыншылықтары*. - Алматы: Print-S, 2015. - 98.
- 4 Алпысбаев М.Ж. *Сабақ бері әдістері // Химия ғылымы мен химиялық білім берудің өзекті мәселелері атты Республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы*. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 65-69.
- 5 Асан Г. *Химияны оқытуда жаңаша көзқарас // Химия мектепте*. - 2010. - 5. - 22-23.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮШІН ХИМИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Г.Ж. Сдикова – х.ғ.к., аға оқытушы

Г.А. Куанишалиева – химия пәні мұғалімі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

М.Б. Ықсанов атындағы МББК КММ, Орал қ.

sdikova.guliya@mail.ru, k_goha_91@inbox.ru

«Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» көпшілік бағыттарының негізгі мақсаты - халықтың барлық жетістіктерінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады [1]. Қазіргі таңда тұлғаның құдыретті болуына білім, білік, дағдымен қатар пәндік құзіреттіліктің қалыптасуы ерекше рөл атқарады. Осыған орай химия пәні бойынша пәндік құзіреттіліктер жүйесін химиялық эксперимент арқылы жүзеге асырып, оны күнделікті өмірде қолдану өзекті болып табылады. Қазіргі заманғы тұлғалық-бағдарланған оқыту тәсілін оқу үдерісіне қолдану білім алушылардың ғылымға, білімге деген қызығушылықтарын ғылымға, білімге деген қызығушылықтарын арттыруға жол ашады. Осы мақсатта химияның қолданбалы, практикалық және экологиялық бағытын күшейтуді жүзеге асырудың бірден-бір жолы химиялық эксперимент. Химиялық эксперимент ол оқушылардың өзіндік ізденістермен дамып, әр түрлі принциптермен байланыса отырып, демонстрациялық тәжірибе арқылы байқалған құбылыстардан, бірыңғай зертханалық тәжірибелерді мұғалімнің нұсқауымен жүргізуден, сарамандық жұмыстарды орындаудан, эксперименттік есептерді шығару арқылы оқытылады [2].

Химиялық экспериментті жүйелі жүргізудегі білік пен дағды тек қана оқу процесінде ғана емес, әрі қарай өздігінен ғылыми, әдістемелік, сарамандық-зерттеу ізденістер жүргізгенде дами түседі [3]. Химияны оқытудағы зертханалық және сарамандық жұмыстар оқушылардың ойлануын, біліктілігін арттырады, оны алынған нәтиженің дұрыстылық критерийі ретінде қарастыруға болады. Химиялық эксперименттер химиялық түсініктерді қабылдаудың негізі, онсыз продуктивті ойлану іскерлігі жүрмейді. Ойлауды экспериментпен, тәжірибемен бірлесе отырып дамиды да, оқушыларға маңызды теориялық білімдер береді.

Химиялық тәжірибе жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілуі оқушылардың химиядан білімдерін арттыруға мүмкіндік береді. Химиялық эксперимент бірнеше кезеңдерде жүргізіледі:

- тәжірибені жүргізуді түсіндіру;
- тәжірибені жоспарлау мен жүргізу;
- тәжірибеден алынған нәтижелерге баға беру [4].

Химия курстарында химиялық экспериментті үлкен көлемде қолдануды ұсынады, мұғалім жүргізетін - демонстрациялық тәжірибеге және оқушы өздігінен жүргізетін сарамандық, зертханалық эксперименттік жұмыстар – оқу эксперименті, яғни білу қолдану деп қарастыруға болады. Көптеген ғалымдар зерттеуінде, қазіргі таңда дидактиканың негізгі сұрағы «қалай оқытам?», «не үшін оқытам?», «нені оқытам?» деген сауалдармен тығыз байланысты. Сол себептен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген. Педагогика саласында оқытудың бірнеше тиімді әдіс-тәсілдері, оқыту принциптері мен функциялары химиялық экспериментті оқушыға түсіндіруде

маңызды рөл атқарады. Солардың бірі Блум таксономиясының танымдық деңгейлері арқылы саралап оқыта отырып, бірнеше оқыту технологияларын кіріктіру [5].

Химиялық эксперименттік жұмыстардың барлығы химия бойынша кез-келген бағдарламаға бағытталады. Оқушылардың жұмыс жасау қабілеттері арттып, Блум таксономиясының танымдық деңгейлерін қолдану аймағына дейін қалыптасады. Демонстрациялық эксперимент – сынып оқушыларына жаңа тақырыпты игеру мақсатында, мұғалімнің өзі көрсетеді, ондағы жүріп жатырған процестерді танып білуге негіз болады. Осылайша мұғалім оқушылардың назарын тікелей тәжірибеге бағыттап, құбылыстарды түсіндірмелер арқылы бақылауға үйретеді [6].

Дидактикалық функцияларды зерттеуі 3 кезеңнен тұрды.

1. Зерттеу жұмысының өзекті мәселесі бойынша Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданындағы М.Б. Ықсанов жалпы орта білім беретін мектебінде 7-10 сынып оқушылары арасында химия сабақтарында химиялық экспериментті оқытудағы дидактикалық функцияларды жүзеге асырудың қажеттілігі негізделді.

2. Химия сабақтарында химиялық экспериментті оқытудағы дидактикалық функцияларды жүзеге асырудың тиімділігіне сауалнама өткізілді.

3. Химия сабақтарында химиялық экспериментті оқытудағы дидактикалық функцияларды жүзеге асырудың тиімділігіне практикалық талдау жүргізілді.

Орта мектепте химия сабағында эксперименттік жұмыстар арқылы баланы дамытуда бірқатар зерттеулер жүргізілді. Химия пәніне оқушылардың қызығушылығы қандай екені туралы 7 - 10 сынып эксперименттік оқушылары арасында сұрақ – сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама нәтижелері есептелініп, қорытындылар жасалынды. Оқушылар қойылған алғашқы сұрақтардың бірі: «Сізге "Химия" пәні ұнай ма?». Көпшілік оқушылардың пәнге деген қызығушылығы төмендеу деңгейде екені байқалады, ал кейбір оқушыларды немқұрайлы екендігі көрінеді. Сауалнамаға берген жауаптары нәтижесімен негізгі себептері талдау жүргізіледі.

Оқушылардың басым көпшілігі пәнге деген жоғары эксперименттік тәжірибе жұмыстарын таңдағаны байқалды. Әрі қарай 7-10 сынып оқушылары арасында химияны оқудың түрлі функцияларын қолдана отырып, химиялық зертханалық - сарамандық жұмыстарды, демонстрациялық - көрнекі тәжірибелерді игерту мақсатында түрлі әдіс - тәсілдер пайдаланды.

Орта мектепте химиялық эксперименттің ақпараттық функциясына сәйкес оқушылар химиялық эксперименттен заттардың қасиеттері мен өзгерісі туралы мағлұмат алады. Мысалы, 8-сыныпта «Оттегі» тақырыбын меңгеру барысында мұғалім сутегінің асқын тотықтығының ыдырауы арқылы оттегінің алу әдісімен таныстырады немесе калий перманганатының аздаған бөлшегін сынауыққа салу арқылы марганец тотығының тез ыдырауын көрсету арқылы, оқушыларға өршіткі ұғымын таныстыра алады [7]. Осылайша оқушылар заттың қасиетін көре отырып, жаңа ақпарат алады, осынына химиялық эксперименттің ақпараттық функциясы жүзеге асырады.

Оқушылардың Блум таксономиясына сәйкес танымдық деңгейлері бойынша ойлау қабілеттері дамиды және оқу танымдық қабілетін қалыптастырады. Мысалы, тұз қышқылының ерітіндісіне мырыштың түйірін салу кезінде оқушы біріншіден, құрылғы қондырғының тұрғыда орнатылуы түсіндіріледі, екіншіден сынауыққа мырышты тұз қышқылына салып орналастырғаны көрсетіледі, үшіншіден мырыштың тұз қышқылында еритінін байқайды, төртіншіден, жүріп жатырған тәжірибедегі реакциядан сутек газ бөлінетін анықтайды, бесіншіден сутек газын жанған шырпы дыбысы арқылы тексереді, осылардың барлығына көз жеткізген оқушы реакция теңдеуі мен қорытынды өзі жаза алады. Бұл оқушының

эвристическая функция арқылы жаңа фактілер мен химиялық түсініктерді қалыптастырып қана қоймай, заңдылықтар мен тәуелділіктерді бір-бірінен ажыратуына мүмкіндік береді [8]. Осыған орай тәжірибе жасап болғаннан кейін оқушыларға металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуіне берілген тұжырымдардың шындық/Ш және жалған/Ж екендігін анықтауына тапсырма беріледі (Ш немесе Ж бағанына + таңбасын қойып орындау).

1 кестені кестені толықтыра отырып оқушылар тәжірибедегі байқалған құбылыстардан қорытынды шығарып, шын немесе жалған екенін тапсырмасын орындайды. Химиялық эксперименттің сыни (критериалды) функциясы теориялық тақырыпты меңгертудегі қиыншылықпен қатар және оқушылардың қателігін түзете алу кезінде жүзеге асады. Оқушылар көбінесе мыс сымы күкірт қышқылымен, тұз қышқылымен әрекеттескенде сутегін бөледі деп есептейді, бірақ оны тәжірибе кезінде нақты қате ұғым екеніне көз жеткізеді.

Кесте 1 - Тапсырма үлгісі (автор құрастырған)

№	Тұжырым	Ш	Ж
1	Қышқылдар белсенді металдармен әрекеттескенде әрдайым сутек газын бөледі?		
2	Мырыш тұз қышқылымен әрекеттескенде мырыш оксидін түзеді?		
3	Мырыш тәжірибедегі қышқылмен қыздырса әрекеттеседі?		
4	Мырыштың тұз қышқылымен әрекеттесуі қосылу реакциясына жатады?		

Химиялық эксперименттің жалпылаушы функция әртүрлі жалпылама атаулардың түрлерін ажырату үшін нақты тақырыпқа сәйкес өндіреді, жалпы эксперименттік біліктілікті қалыптастыру. Жалпылаушы функцияда жасалған эксперимент толықтырулар мен бекітулер нақты теорияға сүйенеді. Мысалы, қышқылдар, негіздер мен тұздардың сулы ерітінділерінің электрөткізгіштіктері бойынша жүргізілген тәжірибелерді байқағанда, оқушылар бұл заттардың табиғатының әртүрлілігіне қарамастан, олардың ерітінділері бірдей қасиет көрсетеді – яғни олар электр тогын өткізеді деген тұжырым қалыптастырады [9]. Осы сабақтарда оқушыларға химиялық эксперимент арқылы негізгі білімді игерту мақсатында әр түрлі тапсырмалар ұсынылды. Нәтижесінде жыл соңына қарай қайтадан оқушыларға «Сізге "Химия" пәні ұнай ма?» - деген сұрақ - сауалнама берілді.



Сурет 1. Оқушылардың нәтижелерін салыстыру диаграммасы

Зерттеу нәтижелерінің қорытындысы бойынша химия пәніне оқушылардың қызығушылығы 7-10 сынып эксперименттік топ оқушылары арасында 40%-дан 50%-ға артты, нәтижесінде оқушылардың оқу үлгерімі 10% -ға жоғарлады. Диаграмма нәтижелерінен байқалғандай, химиялық эксперименттің оқытудың дидактикалық функцияларын жүзеге асыру оң нәтижеге ие екендігін көруге болады. Оқушылардың оқу ынтасы мен пәнге деген қызығушылығы артқанын дәлелдейді.

Қорытындылай келе, эксперимент - күрделі және қарқынды таным құралы болып келеді. Химиялық экспериментті жүргізу барысында, олармен жұмыс жасау кезінде, тәжірибеде өтетін барлық физика – химиялық процестердің талдануы, ескерілуі білім алушылардың тәжірибе туралы толық түсінік қалыптастыруына жол ашуға мүмкіндік туғызады, дидактикалық қызметтерін ескере отырып жүзеге асырса, білім алушылардың бойында пәндік құзіреттіліктер қалыптасады. Химиялық эксперимент-химияға қызығушылықты арттырып, яғни экспериментті орындау процесі кезінде оқушылар жұмыстың практикалық біліктілігіне қол жеткізіп қана қоймай, өз білімін шығармашылық түрде игеру мүмкіншілігіне ие болады.

Әдебиет

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген/

2 Н.С.Далабаева (2012) Химиялық эксперимент – химияны оқытудың негізі // KazNU Bulletin. Chemical series. №4 (68). - Б. 211-214.

3 Нұғыманұлы И. Өнербаева З.О., Шоқыбаев Ж.Ә. (2005) Химияны оқыту әдістемесі. Алматы: Мектеп. - Б.15-16.

4 Пак М.С. (2015) Терия и методика обучения химии. Санкт-Петербург: РГПУ им.А.И. Герцена. - С. 106-120.

